

# П И О Н Е



ФЕВРАЛЬ

1949 ЖЫЛ

№ 2



## АЙБЫНДЫ БІЗДІҢ АРМИЯ

Т. ЖАРОКОВ

Тудырған Ленин, Сталин  
Айбынды біздің Армия,  
Қандырдың халық күштарын  
Жер жүзін даңқың жардыра.

Ер етіп сені өсірген  
Сүйікті ұлы Отаның,  
Жеңімпаз жарқын күшіңмен  
Кұрыштанды қатарың.

Ұлы Октябрь күнінде  
Кұрсана қару қолға алдың,  
Ант беріп дана Ленинге,  
Отанды жаудан қорғадың.

Қаһарлы қару асынып,  
Тұлпар мініп, ту ұстап,  
Майданға кірсең ашынып  
Қыйраттың жауды қарыштап.

Соғысында ұлы Отан  
Советтік батыр Армия  
Фашисті жеңіп қыйратқан  
Сенің күшің, — қан қыла.

Жауды етектен жармасқан  
Табанға басып таптадың,  
Танк мініп таймастан  
Зенбірек атып қаптадың!

Самолеттер көкте ойнап,  
Аттың отты доптарды,  
Майданда көзің от жайнап,  
Кеудеңмен жаптың ДОТтарды.

Төбесіне Берлиннің  
Жеңімпаз қызыл ту тігіп,  
Кегін алдың еліңнің, —  
Дұшпанды жеңіп сілкініп!

Баулыған Ленин, Сталин —  
Айбынды біздің Армия,  
Ерліктің темір уставын  
Устайды ту қып алдына.

Жеңімпаз даңқын асырған  
Ерлердің осы салтынан  
Тәлім ал сен де, жас ұлан, —  
Тас түлектей талпынған.



# АРМИЯНЫҢ ТУУЫ



А. КОНОНОВ

Ол түні февральдың үекірік желі теңіз жақтап соғып тұрды. Барлық заводтардың гудоктары дамылсыз дабыл қағуда болды. Бұл, өз елі үшін ұрысқа дайынбыз дегендердің бәрін Смольныйға шақырып тұрған Ленин еді. Отанымыздың өмірі хауіште еді, немістер Петроградқа бетпен келе жатқан болатын.

Ленин түні бойы қызмет істеді. Ол халыққа үндеу жазды.

Бейде ол орнынан тұрып, терезе алдына барады. Смольныйдың қорасында от лаулайды, пулеметтер тұр, сұр шинель киген жауынгерлер топ-топ қылыштар мен мылтықтарды әлдеқайда әкетіп жатыр.

Бір оттың басында үстіне тік жағалы бешпент киген бір матрос қараңдайды. Ол ық жаққа қарап, отқа қолын жылтып отыр. Сірә, тоңазып қалған денесін жылта алмай отыр-ау деймін. Бір кезде ол ұшып тұрып, бір керіліп алды да билей жөнелді.

Ленин матросқа біраз қызықтап қарап тұрды да, жазу столына қайтып келді. Ол өзінің үндеуін тағы бір оқып, басына ірі етіп:

«Социалистік Отап хауіште» деп жазды да, лезде бөлмеден коридорға шықты. Уақыттың әлі ерте екенін, жеті қараңғы түн екенін ол сонда ғана есіне алды, Совнаркомнан\*) ешкімді жолықтыра алмаспын, деп ойлады ол.

Сонсоң ол, жыйырма сағаттық жұмыс күнінен кейін, дем алып, коридорды бойлап жайлап жүріп барады, коридор ішінде бұл сәтте қыбыр еткен жан жоқ еді, аяқтың басқаны да қатты естіледі. Сатының қасына желіп Ленин тоқтады. Томенде кішкене алаңда, пулеметтің жапында күзетші жас солдат тұр.

— Қалай, жолдас, бұл пулеметпен біз жауды жеңеміз бе? — деп сұрады Владимир Ильич.

— Сөзсіз, жеңеміз! — деді солдат көңілді түрде.

— Немісті ме?

— Немісті!

— Бірақта, олардың броневиктері, зенбіректтері... күші бар ғой.


— Бәрі бір, біз оларды жеңеміз, Владимир Ильич.  
— Мен де, жолдас, осы пікірдемін... Айтқаның рас, бәрі бір жеңеміз.

Ленин әлгі жүрісімен қайта оралды, асықпай басын өзінің бөлмесіне қайтып келді. Шамның қасында соңғы соғыс хабары әлі жатыр. Немістер Псковқа тақап қалған, Петроградқа соққы беруге даярлануда.

Анау пулеметчик сыяқты, от басындағы көңілді матрос сыяқты жауынгерлер көп болар ма еді! Олар азда ма? Бірақ, олардың басын қосып, жыйнап өзіміздің армиямызды кұру үшін уақыт керек қой. Тек уақыт аз, жас совет асталасына жау ентелеп кел қалды.

Бөлменің терезелері бозғылттана бастады: таң атты. Дабыл қаққан гудоктардың даусы басылды. Ленин әлденеге құлақ асып тыңдай қалды: алыстан бір музыка үні үзіліп естіледі. Бір минуттен кейін музыка үні қатты шыға бастады. Әскери оркестр марш ойнап келеді. Команда берілді, Смольныйдың кең қақпасына әскери бөлім келіп кірді.

Ленин терезе алдында тұрып, оларға көз жіберді: жауынгерлер шолақ тон, дөңгелек малақай киген. Бұл кім оның көзіне жылы ұшырай кетті. Өткен жылдың



Ленин мен Сталин Смольныйда.

\*) Халық Комиссарлар Советі.

март айында, ол шетелден қайтып келе жатқанда, Сестрорецкі мылтық ұсталары оны осы киімді киген күйлерінде қарсы алған болатын. Тек онда олардың мойындарында асынған мылтықтары жоқ еді.

Аспан барған сайын ақшылдана түсті. Смольныйдың қоридорында адамның жүргені, тұрғаны, сөйлегені естіле бастады.

Есік сықыр етті, бөлмеге секретарь кірді.

— Мыналар — Сестрорецкіден келген жолдастар ма?—деп сұрады Ленин, терезеден көзін алмай тұрып.

— Сестрорецкі мылтық заводының қызыл гвардияшылары. Өздері тоғыз мың сегіз жүз адам, Владимир Ильич.

Барлығы қанша екен десенші! Хауіпті гудок даусын

естіп түнде Кронштадт матростары, Питер қызыл гвардияшылары, революцияға адал солдаттар Смольныйға қарай ағылды...

Ол телефонға кеп, Сталинді шақырды. Құлағына әдеттегідей байсалды дауыс естілді:

— Тартына есептегеннің өзінде жүз елу мың, Владимир Ильич.

Қызыл әскерлер отырған поездар Нарва мен Псковқа қарай аттанды.

23 февральда немістерге бірінші соққы берілді. Олардың шабуылы тоқтатылды.

Бұл күн біздің армиямыздың туған күні боп саналды.

## СОЛДАТ СӨЗІ

Асынып алмас қылып, ұстап мылтық,  
Аралап дүниені кездім әлем.  
Батыста чех піліп, тәжім өтіп,  
Шығыста манчжур маған берді сөлем.

Мерейім үстем болып, асып бағам,  
Женіспен қайттым елге жауды жөнім,

Аялап алақанда өсірді елім,  
Ұлы ана сүтін ішіп ержеткенмін.  
Толықсып мақтаныштың туын ұстап,  
Советтің солдаты боп санқа келдім.

Қарсы алды құшақ жайып Отан-апам,  
Сапырып сары қымыз, етін беріп.

Барсам да қайда, ылғый хұрмет таптым,  
Көрмедім еш адамнан түрткі-қыспақ,  
Өйткені мен құлдыққа қарсы шаптым,  
Азаматтық, өділеттік туын ұстап.

Б. ИСКАҚОВ

Батырлық мектебіне ендім міне.  
Уа, Отан! Шекараңның жел өтінде  
Қас қақпай күзетемін әр төбенді,  
Тұрғандай Кремльдің күзетінде.

М. ӘЛІМБАЕВ.



# Жүлде жазып

А. ШӘМКЕНОВ

I

Саған арнап хат жазды ағам,  
Умытар ма, сірә сені?  
Аманбысың, сағындырған  
Бақытты елдің пионері?

Бауда өскен бәйшешегім,  
Бабыңдасың гүлдене бер.  
Күлімдеп тұр келешегің.  
Кереметті көзің көрер.

Түсінерсің кейірек,  
Келсең ғылым ордасына.  
— Ағамның бір хаты еді, — деп,  
Оқып берші жолдасыңа.

II

Дем алыс күн. Баудың іші  
Серуендеген жанға толы.  
Бір балаға көзім түсті,  
Дәл өзіңдей қараторы.

Сен есіме түсіп сонда,  
Қасына кеп отырдым мен.  
Орден, медаль омырауыңда  
Шағылысып тұрды күнмен.

Бала отыр Кавериннің  
Оқып «Екі капитанын».

— Кешіретсің, інішек, — дедім, —  
Бұл орденді не үшін алдың?

Сонда маған сол жас ұлан  
Көзің қадап ұшқын атқан:  
— Ағай, мен бір қонақ едім,  
Нағашыма келіп жатқан.

«Ендігісін айтқызбай-ақ  
Түсінерсің» дегендейін.  
Күлімсіреп тағы қарап,  
Шашын сыйпап қойды кейін.

Жас ұланның сездім сырын  
Жалынды көз қарасынан.  
Кезген екен майдан төрін —  
Оқ бораған, қан сасыған.

Кегін алмай қайтқан елге  
Отанымның қай түлегі?!  
Сұрап едім, сол жас ер де,  
Бір ерлігін айтып еді.

III.

— Ауыр күнде мен де айқастым,  
Жаудан кегімді алдым, ағай.  
Дегемін жоқ әлі жасын,  
Қыспақтарды көрдім талай.

Аттанып ем айлы түнде  
Барлауға мен жалғыз өзім.  
Тың тындаймын тоқтап кейде,  
Бой үйреніп қалған кезім.

Қалың орман қарағайлы  
Қайғылы бір ойға батқан.  
Бүркеп менен жарық айды,  
Жапырағын жамыратқан.

Танып келем әр ағашын,  
Сыры таныс жерім еді.  
Аймалаған төгіп жасын,  
Анамдай боп көрінеді.

Қандай хауіп—орман ішін  
Жалғыз кезу түн ішінде!  
Жалтақтаймын, суып түсім,  
Өйбей кетті жүрісім де.

Шығып бір кез шетіне орман  
Сәл дем алдым. Алда көп іс...  
Көнет,

менің қарсы алдымнан  
Өте берді бір топ неміс.

Бір топ неміс недеген көп!  
Расында, сасып қалдым.  
Келе жатқан болу керек,  
Уясына партизанның.

Онда, біздер айтатын ек,  
Ну орманды — «уямыз» деп,  
Қаптап селдей қара түнек,  
Келе жатты ажал іздеп.

Қайтсем екен?.. Сәл ойландым.  
Жан-жағымға қарадым да:  
«Өтсең өт,—деп,—обыр малғұн»...  
Сыр білдірмей қаламын ба?..

Қайнады ашу көкрегімде,  
Жаулар өтіп бара жатты.  
«Не болсаңда, соқ» дедім де,  
Лақтырдым гранатты.

Қайсы бірі баж-баж етіп,  
Қайсы бірі жатты сарнап...  
Тыныш түнді дүбірлетіп,  
Оқ бораны кетті азынап.

Орман шеті түткен жүндей,  
Тұманданып ұйқы-түйкы,



Суреттерін салған А. ВОЕВОДИН

Жарқ етіп бір шыққан күндей  
Кетті өзгеріп түннің сыйқы.

Қапелімде жанды үйірген  
Қаһарынан қатты састым.  
Урланып кеп дәл бүйірден,  
Автоматтан жалын шаштым.

Жалын шаштым, қайнап кегім,  
Қорқатын мен бала ма екем?!  
Әлден уақыт, қарап едім,  
Сұмдар қашып барады екен.

Ең соңғы рет жалын шашып,  
Атып тұрдым қуанғаннан.  
«Кел» дегендей қойнын ашып,  
Шақырып тұр қалың орман.

Көп кешікпей ертіп келдім  
Отрядтың адамдарын.  
Отыз шақты өліктердің  
Жыйнап алдық қаруларын.

Келіп қалды жау тағы да,  
Дүбірлетіп құзды сай, тас.  
Шеру тартып кеттік алға,  
Тағы да зор қызды айқас.

Деді дағы досым менің,  
Ойға шомып көп отырды.  
— Сендей інім бар, — деп едім,  
Сәлем айтшы, — деп өтінді.

Сүйген елін шын жүректен.  
Шынында ол батыр еді.  
Қандай ана өсірді екен?!  
Бала қандай ақылды еді!

IV.

Көрдім осы жас батырды  
Алматының бағында мен.  
Қанат қағып қыял келді,  
Елестедің тағы да сен.

Сен де сондай сүй өлінді.  
Үстіндесің ұзақ жолдың.  
Сеземісің жүрерінді  
Туын ұстап комсомолдың.

Қызықтырып келер күнің,  
Сен де ұстарсың қызыл билет.  
Алаңдамай оқы, күнім,  
Күтіп тұр ғой университет.

Асығыспен біз де күттік.  
Күлімдеп тұр келер күнің.  
Сәлемменен большевиктік,  
Хош бол енді, хош, Еркінім!

# ОТРЯД МАҚТАНЫШЫ

Ә Н Г І М Е

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

С. ОМАРОВ

«Үлгілі шаруа» колхозындағы орталық мектептің зәулім үйі бүгін өзгеше көрікті. Алтыншы «А» класының оқушылары пионер бөлмесіне тегіс жыйналды. Отряд жыйыны болмақ.

Май айында толықсыған колхоз даласы, жұпар пісі аңқыған қырмызы қызыл гүлдер жан біткенді маужыратып, рақатқа батырып тұр. Жайнай бер өмір жазы! Колхоз еліне ырыс, береке, мол дәулет әкелген жайдары жаздай жас ұландар да күлшырып, өсе берсін!

...Салтанатты жыйын басталды. Пионерлер кәдімгі ұлыстың ұлы күніндегідей жасанып, бар тәуір киімдерін киініп келіпті.

— Біздің отрядтың мақтанышы — жас комсомолец Мергенбайдың хұрметіне арналған жыйынымызды ашық деп жариялаймын.

Мұны айтқан сұңғақ бойлы, аққұба келген арықтау пионер Маралбек еді. Пионерлер тым-тырыс.

— Біздің отрядтың бұрынғы пионері, бүгінгі жас комсомолец Мергенбайға сөз беріледі, — деді тағы да Маралбек.

Сауртылдап соғылған қолдар бүкіл мектеп үйін жаңғырықтырып жіберді. Жаудыраған көздер өзгеше бір мейрімділікпен Мергенбайға қарайды.

Төсінде комсомол значогі жарқыраған Мергенбай орнынан асықпай тұрып, қаз-қатар отырған пионерлерге көзінің астымен қарап аз-кем тұрды да, сөз бастады:

— Ойлап отырсам, іңсезім дүниеге келгеніме он алты жыл болған екен... Күні кеше өздеріңдей пионер едім. Міне төсіме комсомол значогін қадап, өмірдің бір белесіне шығып тұрмын, — деді Мергенбай шабыттана сөйлеп. Көптеп күткен арманына бүгін ғана қолы жеткендей жаны жәй тауып, балбырап тұр. Қалтасындағы кішкентай билет осы сәтте оған — жарқын келешекке адастырмай апаратын жарық жұлдызындай сезілді.

Толғанып аз тұрды да, әңгімесін қайта бастады:

— Кеше аудандық комсомол комитетінің секретары маған: «Жолдас Баймұратов, Ленин—Сталин комсомолының ардақты атағына кір жуытпай, жоғары ұстауыңа сенемін!» деді. Лениннің бейнесі түсірілген осы кішкентай билет сол сәтте маған баға жетпес асыл затымдай көрінді. «Ақтық демім тауысылғанша, Ленин—Сталин ісі үшін күрестен бөй тартпаймын!» деп секретарь кабинетінің төрінде ілулі тұрған көсем суретіне қарап тұрып серт бердім. Бұл менің айнымас адал сертім. Солдаттың мұрагері болғанымды мақтанып етемін... Кәдімгі жазушыдай шалқып кестелен сөйлеп тұр.

Отан үшін қаза тапқан сүйікті әкесін еске түсірді.

— Вязтовкасын кезеп ұстаған қарт солдат уралап алға ұмтылған қалың жауынгерлердің алдыңғы жегінде кетіп барады. «Отан үшін, Сталин үшін, жалғызымның келешегі үшін!» деп айқайлап ұран салып бара жатқандай болды. Сұр шинелінің етегі беліне тұрып алып, белдігіне байлаған котелегі дамылсыз салдырлап, біресе етпеттен жата қалады да, жауды дәл көздеп жүдемелете оқ атады. Біресе бар қайратын жыйып шыбыршық атып түре келеді де, алға қарай жүгіре жөнеледі... Жатсам да, тұрсам да осы бір сурет көзімнің алдынан кетпейді.

— Әкем тірі болса, менің жігіт болғанымды, комсомолға кіргенімді көріп, есі кете қуанбас па еді!? «Дегеніме жеттім, қызығыңды көрдім» деп бір жасап қалар еді-ау, деп Мергенбай сәл мұңая қалды да төмен қарады. Айтар сөзін көңіліне тоқып алып, еңсесін қайта көтерді.

— Қарт Балтықтың жарасында, Литва жерінде оққа ұшып жатып: «Мергентайым, құлыңыз, менің өмірімнің арқауың үзбей, сөза бер, өмір-жасың ұзақ болсын!»... деген болар әкем.

— Я, сүйікті әкем, сенің өміріңнің арқауы ешқашан да үзілмейді. Артында қалған мұрагерің — мен барда, сен өмірде жасай бересің, — деді Мергенбай. Дауысы қатты шығып кетті.

Әке жайындағы әңгіме Мергенбайдың жүрегін толқытты. Әкесі майданға алтанғанда, Мергенбай тоғыз жасар бала еді. Бірінші рет мектепке барып, пионер болып, мойнына, қызыл галстук тағып қайтқан күні, әкесі есі кете қуанғанды. Ел жыйын той жасаған...

Сол арада Мергенбай әкесінің майдандас досы Петр Денисович Шмакинді еске түсірді. Петр Денисовичтің жалғыз ұлы Коля да Мергенбайдың жүрегіннен кетпейтін. О да әкесімен қатарласып көз алдына келді. Мергенбайдың көп алдында жария өтер деп, балалардың асыға тосқаны да сол Колямен оның байланысы, жазысқан хаттарының жайы еді.

Петр Денисович соғыстың басынан аяғына дейін Баймұратпен бірге болып, майдан өмірінің ащы-тұщысын татысқанды.

Петр Денисович Баймұраттың өзі кұралдыптас орта жастағы адам. Елуді қусырып жүр. Екі соғысты атқарған кәрі солдат. Ол былтыр әдейі іздеп келіп, майданда қаза тапқан сүйікті досы Баймұратқа берген сертін орындап қайтты. Петр Денисович Айкүміс пен Мергенбайға үзбей хат жазып тұратын. Баймұрат екеуі майданда қатар түскен суретін әкеші берген. Сыртында «Москва 40» деген белгісі бар хаттар «Үлгілі шаруа» колхозының почтасына жиі келіп

тұрады. Жауап хаттар да лек-легімен Москваға көпін жатады.

Коля быдтыр Мергенбайға өзінің үлкен суретін жіберген. Суреттің сыртына: «Жүзін көрмеген досым Мергенбайға өмірлік ескерткіш» деп әдемілеп жазыпты.

Мергенбай Коляның өткен қыста жазған бір хатын еске түсірді: «Бүгін әлемнің астанасы Сталиндік Москвадан сәлем!» деп хаттың басына үлкен ғып жазып қойыпты. Осы бір асыл сөз данышпан ақынның өлмес-өшпес жырындай Мергенбайдың жүрегіне мықтап орнады.

Колямен арадағы достық жәйттерді қызықты ертегідей келістіріп айтып тұр. Осының бәрі өздеріне аян болса да, пионерлер құштарлана тыңдайды.

— Енді, міне соның бәрі өткен күндерімің таңғажайып суретіндей өзгеше қызықты көрінді маған..

Соңғы бір хатында Коля: «Колхозыңдағы жаңалықтарды жаз!.. Папам айтады: Отанымызды бір зәулім бәйтерекке теңейтін болсақ, сенің досың Мергенбайдың колхозы соның бір бұтағы дейді. Сіздің колхоздың көркейгеніне біз де қуанамыз. Мен де саған Москваның жаңалықтарын жазып тұрайын...» деп жазыпты.

Коляның осы хатына қайтарған жауабын Мергенбай көп алдында оқын берді.

«Досым Коля!—деп бастапты ол хатын. — Күн нұрына бөленген алыстағы Қазақстаннан сәлем! Біздің колхозда да күн сайын көп жаңалықтар боп тұрады. Колхозымызда электр станциясы, радиоүзел салынып жатыр. Октябрь революциясының 31 жылдық мерекесінде әр колхозшының үйінде Ильич шамы жарқырап, радио сөйлейтін болады. Мәдениет сарайын салуға даярланып жатырмыз. Кеше біздің колхозға Алматыдан архитектор Малдыбай ағай келді. Қаламыз мейлінше әдемі болатын көрінеді. Орталық көшемізді Сталин жолдастың атымен атаймыз деген ойымыз бар.

Коля, сендер, Москвадағы балалар, өте бақыттысыңдар. Өйткені, сендер ұлы Сталинмен бірге тұрасыңдар, мереке күндерінде Қызыл алаңда сайраңдап, Ленин Мавзолейінің алдынан өтіп, Сталиннің дидарын көресіңдер. Колхозымызда радио орнатылғанда, біз де күн сайын Москваны тыңдайтын боламыз. Кремль саратының қоныраулы үшін еститін боламыз. Сенен менің



бір тілегім — Москваның жайын толық жазып тұрайсың. Москваның, Кремльдің суреттерін жіберсең қандай жақсы болар еді. Біз бүгін әлемнің астанасы, Отанымыздың жүрегі — Москваны мақтап етеміз.

Бұл хатқа да Колядан көпшіней жауап келген. Мергенбай оны да оқыды. «Совет елінің жүрегі — Москваның келбеті» деп сыртына қолмен әдемілеп жазған фото-альбом жіберіпті. Оны Мергенбай столға жайып салды. Альбомда Кремльдің және Москваның үлкен көшелерінің суреттері бар екен. Альбомды пионерлер жалырласын көріп жатыр. Әсіресе, оларға Тверь бульвары қатты ұнады. Пушкин ескерткіші қандай әсем! Оның астына Пушкиннің «Ескерткіш» деген өлеңі жазылыпты.

«Ескерткіш орнаттым мен қолдан калмас,

Ел ізі оған салған суық білмес,

Ең биік Александр мұнарасын

Еңкейтпін, ескерткішім шықты дербес...

Дабысым Россияға кетер жалпақ,

Тіл біткен жүрек менің атымды атап.

Славян, фин жұртының паң ұрпағы,

Қазіргі тағы тұңғыс, қырда қалмақ...»

Данышпан ақынның бұл өлеңін пионерлер бұрын да білетін. Әңгіме желісі осы араға жеткенде, бәрі қосылып «Ескерткішті» әнге қосып шырқайды. Пионер болмесіндегі қызықты думан, сайранды жыйын қызға түсті.





(Мектеп сахнасына арналған екі перделі үш көріністі пьеса)

Т. АҚТАНОВ

Совет Одағының Батыры  
Александр Матросавица  
арнаймын.

Қатысушылар.

- |                                     |  |
|-------------------------------------|--|
| 1. Алексеев — рота командирі.       | 5. Марфа — орыс әйелі.                     |
| 2. Дабылов — взвод командирі.       | 6. Бекболатов Салауат — башкурт, жауынгер. |
| 3. Василий Михайлов — жас жауынгер. | Сержанттар, солдаттар.                     |
| 4. Ордабаев Ержан — жауынгер.       | Тұтқын неміс офицері, 1—2 неміс.           |

### I — ПЕРДЕ

Орман іші. Таң алды. Бақылау пункті. Оқта-текте атылған зеңбірек даусы естіледі. Үзіліп-үзіліп пулемет даусы шығады. Сахнада Алексеев пен Дабылов.

АЛЕКСЕЕВ (дүрбімен қарап). Немістер әзірге тыныш... Біздің барлаушыларымыздың қайтатын уақыты болды ғой.

ДАБЫЛОВ. Жолдас аға лейтенант, олардың қайтатын уақыты өтіп те кетті.

АЛЕКСЕЕВ. Олар соншама неге кешікті екен?

ДАБЫЛОВ. Жаман айтпай, жақсы жоқ...

АЛЕКСЕЕВ. Ондай күдікке әлі ерте... Жаудың тымтырыс жатуына қарағанда, жамандыққа жоруга аузым бармайды. Оның үстіне оларды Михайлов бастап кетті ғой...

ДАБЫЛОВ. Әйтсе де таң атып қалды. Қайтатын мезгілі әлдеқашан болып еді. Михайловтың әлі де тәжірибесі аз. Жас қой.

АЛЕКСЕЕВ. Жоқ, жолдас кіші лейтенант, сіз кателесесіз. Михайлов тез шыйратылған жігерлі жауынгер. Ол немісіне оңайлықпен бола қоймас. (Сағатына қарап). Я... Шабуылға бір-ақ сағат уақыт қалды.

ДАБЫЛОВ. Жауынгерлерге керекті бұйрықтардың бәрі берілді.

АЛЕКСЕЕВ Бұйрық қасиетті нәрсе. Бірақ жауынгерлердің талабы бұйрықтың шеңберінен кең болуы керек. Алынған мәліметтерге, бақылауға қарағанда, Красино деревнясы оңайлықпен қолға түсетін сыяқты емес.

ДАБЫЛОВ. Бұйрық берілген соң—алмай қоймаймыз!

АЛЕКСЕЕВ. Алудың да, алуы бар!

ДАБЫЛОВ. Мына келе жатқан біздің барлаушылар емес пе?!

АЛЕКСЕЕВ. Я, солардың өзі! Анау Михайлов қой!

ДАБЫЛОВ. Бекболатов пен Ордабаев қой қасындағысы. Тағы біреулері бар.

АЛЕКСЕЕВ. Шамасы олжалы қайтқан сыяқты.

(Михайлов, Ордабаев, Бекболатов шығады. Михайлов пен Ержан Марфаны қолтықтап, Бекболатов тұтқын немісті айдап келеді).

МИХАЙЛОВ. Жолдас аға лейтенант, сіздің бұйрығыңыз орындалды!

ДАБЫЛОВ (немісті жулқылап). Өй мынауың дырдай лейтенант қой. Міне, тіл болғаныңа сенің! Орысша білесің бе?

НЕМІС. Русин них шпрехен.

АЛЕКСЕЕВ. Жолдастар, тапсырманы үлгілі түрде орындағандарыңыз үшін алғыс айтам!

МИХАЙЛОВ.

ЕРЖАН.

БЕКБОЛАТОВ. Совет Одағына қызмет етеміз!

АЛЕКСЕЕВ. Ал, мына кісі кім болады?

ЕРЖАН. Красино деревнясының кемпірі. Бізге үлкен көмек көрсетті.

МИХАЙЛОВ. Үйінде жатқан немісті алып кеткен соң, шешейді жеке қалдыра алмадық.

АЛЕКСЕЕВ. Я, сөйлеңіз, шеше.

МАРФА. Қарашығым, мен Красино деревнясында тұрамын. Біздің аты-жөніміз Ковалев болады. Майданға кеткен Ваня, Иван Ковалев деген балам бар еді. Мүмкін білетің де боларсың, қарашығым?

ДАБЫЛОВ. Жоқ, шеше білмейміз. Деревняларыңда неміс көп пе?

МАРФА. Бұрын аз еді, соңғы кезде тіпті көбейіп кетті. Қарашығым, біздің деревняның көрген күнін сурама. Не көрсетпеді қарғыс тигірлер! Менің келінім мен кішкене баламды атып кетті. Бір күні келінім кішкене бөбегін ұйықтатып отыр еді, үйге екі жендет кіріп келмесі бар емес пе! Жүр-жүр деп келініме дікенделі лағнаттар. Келінім орнынан қозғалмап еді шашынаң сүйрей жөнелді. Келінімнің құлыңдары даусы құлаққа жетті. Шыдап тұра алмадым, қарашығым... ара түстім. Сонда әлгі лағнаттар мылтықтың дүбімен періп қалғаны... Көзімді ашып қарасам, келінім мен немерем қанға боялып өліп жатыр. Атып кетіпті... (Жылап.) Ваням келгенде... Не демекпін мен сорлы?..

БЕКБОЛАТОВ. Шеше, қапа болмаңыз. Сол жендеттерді ұстап алып, өз көз алдыңызда сазайын тарттырамын.



АЛЕКСЕЕВ. Ие... Аянышты хал, ауыр қайғы...

ЕРЖАН (немісті нұқып). Жолдас аға лейтенант, сол жедеттердің бірі мынау...

МАРФА. Жалғыз мен емес, қарашықтарым... Жазықсыздан жазықсыз Сидоров қартты да атып кетті бұл хаюандар. Деревняда қазаға ұшырамаған үй жоқ. Оның үстіне ертең таң ата барлық жұмысқа жарайтын адамды айдап кететін көрінеді, қарашықтарым-ау, тезірек жетсендерші, құтқарсандаршы!..

МИХАЙЛОВ. Жыламаңыз, шеше, құтқарамыз. Қайтсек те құтқарамыз!

БӘРІ. Құтқарамыз!

АЛЕКСЕЕВ. Қазір штабқа апарып, мына офицер мырзаны сөйлетейік. (Марфаны нұсқап). Мына кісі біраз осында бола тұрсын. Кейін штабқа әкеліңіздер.

БЕКБОЛАТОВ. Жолдас аға лейтенант, сіз онымен онша сыпайы бола бермеңіз. Масайрап кетеді, ол. Менің қолыма берсеңіз тілмашсыз-ақ сөйлетер едім...

АЛЕКСЕЕВ. Салауат, сен өзіңе тиіссіз нәрсеге араласа берсең-ау! Жауап алу сенің міндетің емес.

БЕКБОЛАТОВ. Құп, жолдас аға лейтенант! (Алексеев, Дабылов екеуі немісті алып шығып кетеді).

ЕРЖАН. Салауат, сен тәртіпсіздеу болып барасың. Аға лейтенант саған сөгіс бермегеніне шүкір де!

БЕКБОЛАТОВ. Мен істің жөнін айттым ғой.

ЕРЖАН. Шеше, сіз мына Васяға рахмет айтыңыз. Ол болмағанда, бәрімізге хатер туып еді.

МАРФА. Рахмет, балаларым, бәріңе де рахмет. (Михайловқа) Қарағым, қай жердің баласысың? Әке-шешен қайда тұрады?

БЕКБОЛАТОВ. Оның туған жері Орал, әке-шешесі қайтыс болған. Өзі менің жерлесім.

МАРФА. Беу, қарашығым-ай! Жас жігіт екенсің. Анасыз қыйын ғой. Менің Ванямнан да хабар жоқ... Өз баламдай жақсылық істеп едің... Умытпаспын... Маған бала болсаң қайтеді?

ЕРЖАН. Әйда, бол, Вася! Ойда жоқ жерден шешелі болып қалдың-ау!

БЕКБОЛАТОВ. Дұрыс, шеше, Васядай балаңыз болса, қор болмайсыз.

МИХАЙЛОВ. Жарайды... Әже дейін сізді... Өз анамдай мейірімнің түсіп еді. Тілектес болыңыз. Соғыс біткесін сіздің үйге келем. Күтіңіз...

МАРФА. Келші бері, өз ұлымдай аналық ықласыммен сүйейін. (Маңдайынан сүйіп) Туған ұлым, Ванядан кем көрсем, аллаға тапсыр. Аман-есен Ванюшам келе қалса, екеуің бірің іні, бірің аға боласыңдар.

БЕКБОЛАТОВ. Ене, Красионы алған соң, келістіріп той жасайтын болдық қой, шеше!

МАРФА. Бүкіл деревня болып той жасаймыз. (Жауынгер келіп кіреді).

ЖАУЫНГЕР. Ковалева сіз боласыз ба? Штабқа шақырып жатыр сізді.

МАРФА. Жолыққанша сау бол, қарашығым Вася, сау болыңдар, ұлдарым!

МИХАЙЛОВ. Деревняда жолығамыз ғой, әзірге сау бол, әже! (Жауынгер Марфаны қолтығынан сүйеп шығып кетеді).

АЛЕКСЕЕВ. Жолдастар біз қазір шабуылға шығамыз. Сен үшеуің ауыр тапсырма орындап келдіңдер. Сондықтан бір-аз уақыт тынығыңдар.

МИХАЙЛОВ. Жолдас аға лейтенант, бізге ротамен бірге шабуылға шығуға рұхсат етіңіз!

БЕКБОЛАТОВ. Рұхсат етіңіз, жолдас аға лейтенант!

ЕРЖАН. ДАБЫЛОВ. Жолдас аға лейтенант, бұл жігіттердің тілегін орындасақ деймін.

АЛЕКСЕЕВ. Жарайды. Рұхсат. Ал, жолдас Михайлов, сіз маған связной боласыз.

МИХАЙЛОВ. Жолдас аға лейтенант... Мен...

ЕРЖАН (сыбырлап). Көнбе, Вася, бір-бірімізден анырылыспайық.

АЛЕКСЕЕВ. Жауынгер Михайлов, командирдің сөзін екі етпес болар.

(Шеткерірек шығып, Дабыловқа тапсырманы түсіндіріп жатады).

МИХАЙЛОВ. Құп, жолдас аға лейтенант! (Өзіне-өзі) Қап, жолдастарымнан бөлініп кететін болдым-ау! Жұрт соғысып жатқанда, мен тылда отыратын болғаным ба?

ЕРЖАН. Вася, соғыста ылғый қатар жүретін едік, енді бір түрлі елегізіп қалатын болдық-ау!

МИХАЙЛОВ. Ержан, Салауат, сендер өкпелемендер, достарым. Бір ротамыз ғой. Мен бәрі бір бұйрық алып келем ғой.

АЛЕКСЕЕВ (Дабыловқа). Қазір атака позициясына барамыз. Ротаны жыйна.

ДАБЫЛОВ. Құп, жолдас аға лейтенант. (Ержан мен Салауатты ертіп шығып кетеді):

АЛЕКСЕЕВ (күлімсіреп). Ие, Вася, жолдастарымнан айырып алып қалды деп маған кейіп тұрсың ба?

МИХАЙЛОВ. Жоқ, жолдас аға лейтенант. Бірақ...

АЛЕКСЕЕВ. Уақасы жоқ. Связной болу да оңай емес. Тылда отырам деп қорықпай-ақ қой.

МИХАЙЛОВ. Жолдас аға лейтенант, мен сізден бір нәрсе сұрайын.

АЛЕКСЕЕВ. Я, сұрай ғой.

МИХАЙЛОВ. Сіздің үй-ішңіз, туған-туысқандарыңыз бар ма?

АЛЕКСЕЕВ. Бар, әйелім бар, балам бар. Хатты үзбей жазып тұрады.

МИХАЙЛОВ. Менің әке-шешем жоқ. Мен балалар үйінде өстім...

АЛЕКСЕЕВ. (Михайловтың ыңығына қолын салып, жаны ашып). Я, туған-туысқансыз қыйын!

МИХАЙЛОВ (қысылып). Жоқ, мен оны айтпаймын. Мен жетім сыяқты емеспін. Өз үйім, бір үлкен үйім бар сыяқты. Қайда жүрсем де, сол үйде емін-еркін жүргендей болам.

АЛЕКСЕЕВ (жылы шыраймен). Оның рас, Вася. Сенің өз үйің, үлкен үйің бар. Ол үйіңнің құшағы кең, мейірімі мол. Ол — сенің өзің қорғап жүрген ұлы Отаның!

(Жауынгерлерді бастап сахнаға Дабылов шығады. Жауынгерлерді сапқа тұрғызады. Жауынгерлер сахнаға қырын, саптың бір шеті ғана көрінеді).

ДАБЫЛОВ (қолын шекесіне қойып). Жолдас аға лейтенант, сіздің бұйрығыңыз бойынша, рота келді.

АЛЕКСЕЕВ. Жауынгер жолдастар. Красино деревнясының алдында дұшпан берік бекіністер жасаған. Бұл шабуыл үлкен ерлікті, өжеттікті талап етеді. Әр қайсың біздің өткен жауынгерлік сапарымызды, анау Красино деревнясындағы айдалып бара жатқан бауырларымызды еске алыңдар, өз арларыңмен сырласыңдар...

(Алексеевтің сөзі бітпей шымылдық жабылады).

## II—ПЕРДЕ

### I к ө р і н і с

Сахнаның орта жерінде әріректе оба көрінеді. Сахнаның сол жақ бұрышында төмпешік, төмпешіктің тасасында Дабылов, Ержан, Бекболатов жатыр. Дүркін-дүркін атылған пулемет даусы мен жарылған снарядтың гүрсілі естіліп тұрады.

БЕКБОЛАТОВ. Лагнатар бас көтертер емес.

ДАБЫЛОВ. Атака тойтарылып қалды. Ә дегенде ала алмадық, енді қыйынға соғады. (Ержан автоматтан атады). Қоя тұр. Онымен ештеңе бітіре алмайсың.

ЕРЖАН. Жолдас взвод командирі, тағы да атакалап көрсек қайтеді?

ДАБЫЛОВ. Үш атакамызды тойтарды. Бір адым іл-

гері аттаудың өзі қыйын болып тұр ғой. (Булығын) Тапсырманы орындай алмадық қой... Не істесек екен?

ЕРЖАН. Атакадан басқа амал жоқ. Не болса да жанды салып көрелік. (Солға бұрылып). Әне, қараңыз, кіші лейтенант, үшінші взвод атакаға шықты. Брякиннің өзі бастап барады.

(Алыстан жамырай атылған пулемет, мылтық даусы, уралаған дауыс естіледі).

БЕКБОЛАТОВ. Минометтен де соғып жатыр.

ДАБЫЛОВ (қарап тұрған бойы теріс айналып). Жатқызып тастады. (Дауыстар әлсіреп барып тынады).

ЕРЖАН. Екі жауынгері оққа ұшты. Әне біреу жараланды-ау!

ДАБЫЛОВ (күйініп). Тағы да бір атака тойтарылды. (Еңбектеп Михайлов келеді).

ЕРЖАН. Вася, қайдан жүрсін?

МИХАЙЛОВ. Бұйрық әкелдім.

ЕРЖАН. Ойпырай, жауып тұрған оқтың астында қалай жеттің!

ДАБЫЛОВ. Вася, қандай бұйрық әкелдің?

МИХАЙЛОВ. Аға лейтенант сіздің взводқа немістерді сол жақтан соқсын, деді. Өзі оң жақ флангіге кетті.

ДАБЫЛОВ. Оң жақтағылардың халі қалай?

МИХАЙЛОВ. Олардың да халі онша емес. Аға лейтенант тым ашулы. Біз негізгі соққының бағытында едік. Бүкіл шабуылдың тағдырын шешетін біз едік. Ал, біздің болып жатқанымыз мынау, деп ашуланады.

ДАБЫЛОВ. Ержан, отделение командирлеріне хабарла, солға таман сонау бұталарды паналап, неміс дзотын бұйірден соғатын болсын. Тез!

ЕРЖАН. Құп, жолдас кіші лейтенант! (Жүгіріп шығып кетеді, пулемет даусы естіледі).

ДАБЫЛОВ. Жауынгерлік өмірімде алғашқы рет тапсырманы орындай алмай отырмын. Вася, сен мұны маған өлімнен ауыр тиетінін білесің бе?

МИХАЙЛОВ. Қыйналмаңыз, жолдас кіші лейтенант, Тапсырманы орындаймыз ғой. Сөз жоқ, орындаймыз!

БЕКБОЛАТОВ. Неге орындамаймыз, әбден орындаймыз.

ДАБЫЛОВ. Әне бір томпыйған жалғыз дзот оқпен қол аяғымды матап алды. Мінекей, енді тырп етуге халім жоқ. Бүгінгі үлкен шабуылдың бас батыры біз болсақ, жаудың өнменге таяған найзасын қағып жіберуге дәрменіміз келмей тұр. Әттен!..

МИХАЙЛОВ. Қапа болмаңыз, жолдас кіші лейтенант. Мүмкін емес, найзасын да қағамыз, дзотты да аламыз!

ДАБЫЛОВ (байсалды түрге еніп). Дұрыс, Вася, алмай қоймаймыз. (Жымыйып). Сен оны қайдан білдің? Ішің сезді ме?

МИХАЙЛОВ. Ұрыс үстінде де сіздің қалжыныңыз қалмайды екен, жолдас кіші лейтенант. (Уялып төмен қарайды).

ДАБЫЛОВ. Аяздағы шуақтай, ұрыс үстіндегі қалжың да жанға жылы тиеді. (Еңбектеп Ержан келеді).

ЕРЖАН. Жолдас кіші лейтенант, сіздің бұйрығыңыз орындалды!

ДАБЫЛОВ. Ал, Бекболатов, біз кеттік. Михайлов, Ордабаев... Достарым, сендер осы арада қалып, оқ атып, дұшпанды алаң қыла тұрыңдар.

МИХАЙЛОВ. Мені де ала кетіңіз, жолдас кіші лейтенант!

ЕРЖАН. Бізді де ала кетіңіз, жолдас кіші лейтенант!  
ДАБЫЛОВ. Жоқ, жігіттер! Болмайды. Жаудың көңлін алдау керек. Қош!

(Бекболатов екеуі жүгіріп шығып кетеді).

МИХАЙЛОВ. Ержан, сл көре тұра өлімге кетті ғой.

ЕРЖАН. Мүмкін, аман қалар. Әлгі не болары белгісіз ғой. Не дегенмен, өзі жақсы-ақ жігіт!

МИХАЙЛОВ. Ие, жақсы жігіт! Жақсы жігіттер ғана

солай істейді. Ел үшін, жолдастары үшін жапын құрбан етеді. Қел оқ атайық.

(Екеуі неміс позициясын атқылайды, ауық-ауық атысты тоқтатып әңгімелеседі).

ЕРЖАН. Мүмкін, фрицтер контратакаға шығып жүрер.

МИХАЙЛОВ. Не дейсің? Контратака дейсің бе? Жоқ Жоқ! Манағы Марфа кемпірдің сөзі есінде ме?! Анау төбесі көрініп тұрған Красино кісілерін немістер қазір айдап бара жатқан болар. Құтқаруымыз керек қой қайтсек те! Қолда кісең, желкеде найза, туған жерден айрылып кетіп бара жатқандар көздері жәутеңдеп артына, бізге қарайды ғой. Құтқарушым, бауырым деп бізден үміт етеді ғой.

ЕРЖАН. Егер танк жіберсе қайтеміз?

МИХАЙЛОВ (Ержанның жүзіне қадала қарап). Сен шыдап тұра аласың ба?

ЕРЖАН. Тұрам.

МИХАЙЛОВ (төлқып). Мен гранат байлап танктің астына түсем. Бірақ, өткізбеймін!

ЕРЖАН. Танк астына түсу-айтуға ғапа оңай.

МИХАЙЛОВ. Жоқ, Ержан, біле-білсең, ондай сөз айтуға да ауыр. (Уралаған дауыс, атылған мылтық тарсылы естіледі).

ЕРЖАН. Вася, Вася, біздің взвод атакаға шықты! Миша Петров алда барады.

МИХАЙЛОВ. Я, сәт! (Екеуі ата бастайды).

ЕРЖАН. Жатып қалды. Кейін шегініп барады.

МИХАЙЛОВ. Ала алмады-ау, қап!

(Еңбектеп Алексеев келеді).

АЛЕКСЕЕВ. Амансыңдар ма, қырандарым!

ЕРЖАН. Амансыз ба, жолдас аға лейтенант!

АЛЕКСЕЕВ. Халдерің қалай, достарым!

МИХАЙЛОВ. Болмай тұр. Алдыртпайды.

ЕРЖАН. Хал нашар, жолдас аға лейтенант. Маған Вася екеумізге рұхсат етіңізші...

АЛЕКСЕЕВ. Аптықпа, солдат. Ақылмен іс істеу керек. Ашу дұшпан, ақыл дос. Не істемексің, Ержан?

ЕРЖАН. Атакалаймыз.

АЛЕКСЕЕВ. Ертеден бері-ақ атакалап жатқан жоқпыз ба? Шығыннан басқа не бітірдік.

ЕРЖАН. Жұрттан жаным артық па?

МИХАЙЛОВ. Бір амалын істеу керек қой.

(Дабылов кіреді).

ДАБЫЛОВ. Жолдас аға лейтенант, оң фланктің де атакасы тойтарылды.

АЛЕКСЕЕВ. Достарым, бізге ең ауыр, ең хұрметті міндет артылып отыр. Дивизияның жау шебін бұзуы бізге байланысты. Біз негізгі соққы бағытындамыз. Ал, хал-жағдайды өздерің көріп отырсыңдар... Қазір, біздің шабуылымыздың барысын Сталин жолдастың өзі бақылап отыр. Отан атымен ауыр тапсырма берем. Жау шебін бұзуымыз керек.

ЕРЖАН. Бұйырыңыз, жолдас аға лейтенант!

МИХАЙЛОВ. Бұйырыңыз, жолдас аға лейтенант!

АЛЕКСЕЕВ. Жолдас Дабылов, қалған бес жауынгеріңізбен ана тұрған жау дзотына блокада жасайсыз!

ДАБЫЛОВ. Орындауға рұхсат етіңіз, жолдас аға лейтенант!

АЛЕКСЕЕВ (аз үндемей, қадала қарап тұрып, құшақтап сүйіп). Рұхсат, бауырым.

ДАБЫЛОВ. Қош, жолдас аға лейтенант!

ЕРЖАН. Қош болыңыз, жолдас аға лейтенант!

(Екеуі шығып кетеді).

МИХАЙЛОВ. Маған да рұхсат етіңізші, жолдас аға лейтенант!

АЛЕКСЕЕВ. Асықпа, Вася! Соғыста әркімнің өз міндеті бар. Сен менің қасымда боласын.

МИХАЙЛОВ (төмен қарап). Құп, жолдас аға лейтенант...

(Сахваның ортасындағы төмпешікке Дабылов, Ержан

және екі жауынгер еңбектеп келе жатады. Жау пулеметтері атып тұр).

ДАБЫЛОВ. Ержан, солға таман. Бекболатов, гранатыңды даярла. (Бір жауынгер оқ тиіп жараланады). Салауат, Ермековты урыс даласынан алып шық.

(Бекболатов жауынгерді арқасына салып, еңбектеп алып шығып кетеді).

ДАБЫЛОВ. Петров, алға! (Екеуі еңбектей береді. Әріректе Ержан еңбектеп келеді. Петров оққа ұшады. Дабылов алға еңбектей береді, ернін тістеп.) Жоқ, сұмырай, жалған айтасың! Аламын! (Ыйығына оқ тиеді соңғы күшін жыйып төмпешкімен асады). Жоқ, Аламын! Ала... (Тағы да оқ тиеді, әлсіреп сұлқ жата кетеді).

АЛЕКСЕЕВ. Дабылов! Достым! Әттең!..

МИХАЙЛОВ. Енді маған рұхсат етіңіз, жолдас Ага лейтенант.

АЛЕКСЕЕВ. Соңғы үмітім сенсін, сенде. Вася... Бар, Вася...:

(Күшақтап сүйеді, Михайлов еңбектеп кетеді). Өзіңді сақта, Вася!

### Шымылдық

## 2. К ө р і н і с.

Сахнаның оң жақ бұрышында неміс дзоты. Дзот жарылып көрінеді. Дзот ішінде екі неміс пулеметшісі. Сахнаның сол жақ бұрышында төмпешік. Алыста оба көрінеді. Неміс пулеметшілері атып жатыр.

1-НЕМІС. Ганс, көрдің бе, біз русляндарды қалай жайпап жатырмыз!

2-НЕМІС. Олардың қыймылы өжет. Әр беріден соң, менің байғұс Оттом, біз тағы да зыта жөнелеміз бе деп қорқам.

1-НЕМІС. Сен шалағай солдатсың, Ганс, фюрердің солдаты тек жеңісті ғана біледі. Хайль фюрер!

2-НЕМІС. Хайль!

1-НЕМІС. Ганс, сен біздің жеңістерімізді ұмытқан екенсің.

2-НЕМІС. Ұмытарлық та уақыт жетті.

1-НЕМІС. Керр Ганст, сен ештеп либерал бола бастапсың. Ол айлаң бәрі бір сені орыстардың жазасынан құтқармайды. Кеше ғана Красинода жас баласы бар келіншекті атқан сен емес пе ең?

2-НЕМІС. Баланы атқан сен! Сен шалды да аттың!

1-НЕМІС. Мен жасырмаймын. Фюрердің бұйрығын орындадым.

2-НЕМІС (шошып). Рус!..

(Еңбектеп сахнаның сол жақ бұрышынан Михайлов, Ержан, Бекболатов үшеуі шығады. Немістер оқ атады, үшеуі төмпешіктің тасасына жасырынады).

МИХАЙЛОВ. Сол жаққа таман еңбектеу керек.

БЕКБОЛАТОВ. Иттер байқап қалды-ау.

ЕРЖАН. Қайтсек те жақындап бару керек.

1-НЕМІС. Аһа, беттей алмадың ба, рус!

2-НЕМІС. Олар өжет. Осымен тынышталам деп ойлама, Отто!

МИХАЙЛОВ. Біз Ержан екеуміз сол жақтан соғамыз. Салауат, сен осы арадан немістерді атыспен алдандыр.

(Михайлов Ержан екеуі ортадағы обаға қарай еңбектейді. Бекболатов оқ атады).

1-НЕМІС. Мынау рус. болатын емес қой (пулеметтен атады). Сенің үніңді өшпейін!

2-НЕМІС (Михайловты нұсқап). Әне, әне біреулері орағытып келіп қалды. (Атқылайды).

МИХАЙЛОВ. Тез, тезірек, Ержан. (Ержанға оқ тиеді).

1-НЕМІС. Енді мынасының көзін құрталық.

(Бекболатовты атқылайды).

МИХАЙЛОВ. Ержан, бауырым, тірімісің?

ЕРЖАН. Тірімін, Вася. Аяғым...

БЕКБОЛАТОВ. Болмадың ба ит! Токтай тұр! Саза-йыңды берермін... (Оқ тиіп құлайды).

1-НЕМІС. Аһа, рус! Капут!

МИХАЙЛОВ. Қайғырма, Ержан... Қыйналма, досым. Біз Салауат екеуміз... (Салауат жаққа қарап, құлап жатқан Салауатты көреді). Қош, досым Салауат. Сен екеуінің кегің маған дем берсін. Ендігі бұйрық менің мойнымда. (Еңбектеп обаның шетіне келеді. Екі граната лақтырады, сахна сыртынан гранатаның жарылған даусы естіледі, неміс оқпен жауап қайырады). Болмадың ба! (Қарманып граната іздейді. Граната жоқ. Автоматтан атады, автомат оғы таусылады). Енді не істедім! (Орнынан тұрып, тістеп) Жоқ, құтылмайсың! Адал қаныммен тұншықтырам ажалды! Бусанып жатқан іштегі ыза мен кек жалыңын бір-ақ төгем басына, сұмырай жау! Қош бол, елім, жан достарым! Алаулаған жанымды шалдым сенің жолыңа! (тура умтылып) Отан үшін! Сталин үшін!.. (Пулеметтің аузын жаба құлайды, ертеден атып тұрған пулемет тұншыққандай үні өшеді. Сахна сыртынан Алексеевтің «Алға, Отан үшін алға!» деген даусы естіледі. Сахнаға жауынгерлерді бастап Алексеев шығады. Қашуға ыңғайланған екі немісті тұтқынға алады).

АЛЕКСЕЕВ. Вася. Есіл ерім... Жолдастар, жол ашық, тартындар алға. Михайлов үшін! (Уралап жүгіріп шығып кетеді. Сахна аз уақыт бос қалады. Сүріне басып Марфа шығады. Михайловтың денесін көріп, жүгіріп келіп құшақтай алады).

МАРФА. Ұлым, қарашығым... ызалы екен ғой жас жаның. Біздің қайғы зарымыз құлағыңа ғана тиіп қоймай, жүрегіңе жеткен екен ғой. Не деген таза жан едің! (жылап, басын сыйпап) Уйықта, ұлым, тыныштал! Қыздар келіп қабіріңнің басына гүл егеді. Көзінде жас мөлтілдеп сені есіне алып бейітіңнің басында мұнайып отырар. Деревня жігіттері өздерінің қатар өскен құрбысындай аянышпен сені еске алар. Қариялар басынан бөркін алып, бейітіңе тағзым етер. Жас қабырыңды аңаңдай ардақтап күтермін, ұлым! Красиноның ең аяулы адамысың. Уйықта, ұлым, уйықта!


ЕРЖАН (басын көтеріп, автоматын таянып Михайловтың қасына келеді, Михайловтың денесін құшады). Қош, бауырым, Вася. Елің үшін, жолдастарың үшін жаныңды құрбан еттің ғой. (басын көтеріп, рота жаққа қарап). Вася, естимісің, рота жауды қуып барады!.. Солардың ішінде сен де барсың! Сенің рухың емес пе оларды алға бастап бара жатқан...

### Шымылдық





Александр Сергеевич  
**ПУШКИН**  
(1799 — 1837)



Орыс халқының ұлы ақыны Александр Сергеевич Пушкиннің туғанына 1949 жылдың июнь айында 150 жыл толады. Бұл мерекені Совет халқы зор салтанатпен өткізгелі отыр. ССР Одағының Министрлер Советі ұлы ақынның 150 жылдығын өткізуге үкметтік мереке комитетін құрды. Осыған сәйкес қазақ үкметі де Пушкин мерекесін өткізуге республикалық мереке комитетін құрды.

А. С. Пушкиннің 150 жылдық мерекесі қазақ халқының да үлкен қуанышы болмақ. Данышпан ақынның ұлы шығармалары қазақ халқының да асыл әдебиет мұрасы болып табылады және А. С. Пушкиннің қазақ поэзиясына еткен ықпалының тарихи мәні аса зор. Пушкин поэзиясы қазақтың ұлы ақыны Абайдың ақындығына, қазақ поэзиясында жаңа бағыт ашуына, халықтық, прогресстік ой-пікір қозғауына үлкен әсер етті. Пушкин шығармаларын өз халқына алғаш таратушы Абай болды. Қазақ халқы Пушкиннің кеменгерлік шығармаларын сүйіп оқиды.

Республикалық Пушкин Комитетінің қазіргі аса маңызды ісі—Пушкин шығармаларын қазақ тіліне аудару, оны бастыртып шығару шаралары болып отыр. Комитеттің ұйымдастыруы бойынша Пушкин шығармаларының дені қазір қазақ тіліне аударылып бітті. Пушкиннің таңдамалы шығармалары бұдан бұрында қазақ тіліне аударылған болатын. Бірақ ол аудармалардың көркемдік сапасы нашар болып, ұлы ақынның тамаша шығармаларының хасиетін қазақ оқушыларына жеткізе алмаған еді. Комитет Пушкиннің таңдамалы шығармаларын қазақ тіліне қайтадан аударды. Пушкин шығармаларын қазақшаға аударуға қазақтың қазіргі белгілі ақындры және жас таланттары тартылды. Пушкин шығармаларының қазірде қазақ тіліне аударылған шығармалары — поэмалары: «Кавказ тұтқыны», «Цыгандар» (аударған Т. Жароков), «Руслан мен Людмила» (Ә. Тәжібаев), «Полтава» (Қ. Аманжолов), «Жэбрәйіл — нама» (Қ. Бекхожин), «Мыс салт атты» (Ғ. Орманов). Пушкиннің өлеңмен жазылған атақты романы «Евгений Онегинді» талантты жас ақын Қуандық Шаңғытбаев қазақ тіліне аударып шықты. Бұл секілді ұлы шығарманың қазақ тіліне аударылуы зор табыс. Мереке қарсаңында Пушкин шығармалары бір том болып баспадан шықпақ.

Пушкиннің 150 жылдық мерекесі алдында өндіріс, колхоз, мектеп, оқу орындарында ұлы ақынның өмірі мен творчествосы жайында, Пушкиннің Абайға және қазақ поэзиясына еткен әсері жайында баяндамалар өткізіледі.

Суретшілер «Пушкин Қазақстанда» «Жамбыл Пушкин ескерткішінде» деген тақырыпта суреттер салып жатыр.

Орыс халқының данышпан ақыны А. С. Пушкиннің 150 жылдық мерекесі қазақ халқының зор мәдениеттік салтанаты, ұлы орыс халқымен айрылмас достығымыздың салтанаты болып өткізілуге тиіс.

## Сәуегей Олег туралы жыр



А. С. ПУШКИН

Сәуегей Олег тағы құрған жасақ  
Хазардан кек алам деп елін шапқан.  
Түйілген есер жауға қырғын жасап,  
Жеріне өрт сап, найза жарқылдатқан.  
Царград кіреукесін князь киіп,  
Беледі өзі сүйген атын мініп.

Меңіреу бір орманнан шықты алдынан  
Сарпаған сөзбен шалқып сәуегей шал.  
Перунға жалғыз ғана ол сыйынған,  
Болжаумен алдарыдан таратқан жар.

Бал ашқан, аңыз айтқан сұңғыла еді,  
Келді Олег қариядан сыр білгелі.

«Сәуегей, шыны кұдай сүйген пейде,  
Айт маған — не болады алда өмірім?  
Кешікпей күнім бітіп, көрге енем бе,  
Бола ма мерейі үстем жауларымның?  
Расын айт, жасырма сен, қорқып менен,  
Шын айтсаң — ақысына бір ат берем».

«Машайық сескенбейді әміршіден, —  
Князьдың сыйы оған керек емес.

Сөзі оның еркін, анық болжап білген,  
Әулие аспаннан ол алған елес.  
Келер күндер қараңғы ол бір бұлдыр.  
Алайда талайыңнан ашылған сыр.

Біліп қой сөзімді сен айтқан болжап,  
Батырға даңқ болса, бакыт қонар.  
Атағын жеңіспеннен шығар жайпап,  
Қалқаның Цареградқа қорған болар.  
Су, дала бағынышты болар саған  
Көре алмас соны дұшпан анталаған.

Үстінде көк теңіздің толқын шулап,  
Алдамшы тағдыр бір шақ түзергенде.  
Жаркылдап қылыш, найза, көгінде ойнап,  
Батырды алып шығар өр кемерге.  
Айбынды кіреужеден оқ та өтпес,  
Батырда қорғаушы бар көзге түспес.

Қыйынынан қорқу білмес атың сенің  
Ойыңды сезіп сенің серік болар.  
Елемес жаудың атқан оқ нәсерің,  
Құйындап еп далада ойнақ салар.  
Қажытпас оны аяз бен оқ та атылған.  
Ажалың, бірақ, сенің осы атыңнан».

Мырс етіп күлді Олег, бірақ көзі  
Бұлдырап кетті үрейлі оймен күшті.  
Кенеттеп сөскендіріп балгер сөзі —  
Сұрланып батыр әрең аттан түсті.  
Сүйікті серігімен ақырғы шақ,  
Қоштасты басын құшып, жалын сыйпап.

«Серігім, сенімді дос, жел қапатым,  
Айрылысар меніменен туды шағың.  
Ілінбес, күйкылжыған қайран атым,  
Алтынды үзеңгіге енді аяғым.  
Бар, оңал, бірақ мені кетпе ұмытып,  
Жігіттер, атымды бақ бөлек кутіп.

Жайындар, жабу етіп түкті кілем,  
Бағындар тоғайымда балпен мұны.  
Күтіңдер сылап-сыйпап, беріңдер жем,  
Бұлақтан суарындар күндіз-түні».  
Әкетті жігіттері атты жылдам —  
Князьға басқа ат келді күйкылжыған.

Масайрап отыр Олег ерлерімен  
Көңіл маз стақаңдар шылдырына.  
Бәрінің аппақ шашы күлтегенен

Таңертең түскен қардай тау шыңына.  
Еске алған бұрын ерлік еткендерін,  
Майданда бірге қайрат шеккендерін.

Деді Олег:  
— «Қайда менің жан серігім,  
Сау ма екен, әлі де сол сайда ма екен?  
Әлі де құйындатып жүрген жерін  
Асыр сап баяғыдай ойнай ма екен?»  
Сол кезде келді жауап: бұлың қырда  
Атыңыз жатыр көптен мәңгі ұйқыда.

Айбарлы Олег басып иіп төмен  
Ойлады: «Бұл не қылған сәуегейлік?  
Есуас, алдамшы шал, алжып педен,  
Айтты екен сұмдық сөзді неге үрей гып.  
Атымды әлі мініп жүрер едім,  
Борейіп, деді, енді қу сүйегіп».

Қақпадан айбарлы Олег шыға келді,  
Қасында батыр Игорь, жігіттері.  
Жарынан Днепрдің көзі көрді  
Атының жатыр қаусап сүйектері.  
Сүйегін жаңбыр жуып, шаң бүркеген.  
Ойнап жел үстін сүйіп еркелеген.


Атының басып аттап тұрды князь  
Ақырын деді:  
— «Достым, ұйықта оңаша.  
Иеннен өлдің бұрып, жасадың аз,  
Көп жасап, көрдім қызық, көп тамаша,  
Бірақ сен жусанға нұр құя алмассың.  
Иенемді ыстық қағмен жуа алмассың.

Ойпырай, жетті ме өлім, жасырынған,  
Кү сүйек маған ажал болғаны ма?»  
Әп жылан шыға келді ат басынан,  
Ысқырып уып шашып жан-жағына.  
Оралды қара өрмектей алғынан,  
Шыңғырып қалды князь, шағып жылан.

Шөлмектер шылдырлаған шарап құйған  
Олегтің аянышты өліміне.  
Ольга мен князь Игорь қарап тұрған,  
Масайрап, жасақ біткен егілуде.  
Еске алған бұрын ерлік еткендерін,  
Майданда бірге қайрат шеккендерін.

Аударған Қалижан БЕКХОЖИН.





Астанабыздың мектептерінің оқушылары комсомол ағаларының XI съезі хұрметіне арнап бірсыпра модельдер жасады. Бұл модельдердің барлығы да пионерлер сарайының жанынан ашылған көрмеге табыс етілді. Суретте: 36-мектептің оқушылары Ася Селицкая, Вера Малиновская және 25-мектептің оқушысы Анатолий Ольхин астапа оқушылары жасаған дирижабль мен үйдің модельдерін көріп тұр.



## КОМСОМОЛДЫҢ XI



Алдымызда болатын комсомол аға шаңғышылары да қызу әзірленуде. Олардың жас шаңғышылар жарыстарын өткізетін мектептерінің оқушылары да ұйымдастыру тобы старт алдында.



Алматы қаласындағы 1-мектептің оқушылары БЛКЖОның XI съезіне көптеген татымды тартулар әзірледі. Суретте: Сол мектептің оқушылары-жас нахимовшылар В. Ульянов, В. Тарасов, А. Переходов және Б. Айтбаев өздері жасаған кемелерімен тұр.






## ЕЗІНЕ ТАРТУЫМЫЗ



ХІ съезіне республикамыздың жас ездің хұрметіне қысқы шаңғы жорық-оспарлады. Сондай жарыстарды астана РЕТТЕ: Астана шаңғышыларының бір



Астанамаздың мектептерінің оқушылары комсомол агаларының ХІ съезі хұрметіне арнап біреыпра модельдер жасады. Бул модельдердің барлығы да пионерлер сарайының жанынан ашылған көрмеге табыс етілді. Суретте: 36 мектептің оқушылары Ася Селицкая, Вера Малиновская және 25-мектептің оқушысы Анатолий Ольхин астана оқушылары жасаған дирижабль мен үйдің модельдерін көріп тұр.



36—мектептің жас мичуринші-оқушылары (солдан оңға қарай): С. Полежаева, И. Данченко, Н. Ветчуков және Л. Зайцева БЛКЖОның ХІ съезіне әдемі гүлдеп букет, аюор алмаларын және оwoць әзірледі. Суретте: жас мичуриншілер сол сыйлықтарын сұрыптап жатыр.



# МАТЕМАТИКА

Профессор К. П. ПЕРСИДСКИЙ,  
физика-математика ғылымдарының докторы,

О. А. ЖАУТЫКОВ,  
физика-математика ғылымдарының кандидаты.

Ерте заманнан бері математика ғылымын көптеген ғылымдардың негізі деп санайды. Маркс: «Математика — барлық ғылымдардың кілті» деп бағалаған. Расында да, есепсіз және өлшеусіз ғылым мен техника да дамымайды, мәдениет те өспейді, сауда да өркендемейді. Мысалы, математикасыз физиканы білуге болмайды, ал физиканы білмейінше табиғат құбылыстарын, машинаның механизмдерін, құрылысын түсінуге болмайды. Сондықтан да, математика ғылымының адам өмірінде алатын орны күшті болғандықтан да, балаларға жастайынан оқып және жаза білуге үйретумен қатар, арифметиканы, кейіннен геометрия, алгебраны оқытады.

Біздің заманымызда математика адам өмірінің барлық саласында да кездеседі. Колхоздың есеппеншісі мен мекеменің бухгалтерінен бастап, құрылыс инженерлері мен самолеттің конструкторларына дейін математиканы кең пайдаланады.

Астрономдар күннің, жұлдыздардың, планеттердің көлемін, құрылысын, салмағын, қашықтығын тек математика ғылымының көмегімен ғана есептеп шығарады, бұрын белгісіз планеттерді табады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында жауды жеңуде математика біздің жауынгерлерімізге көп көмек көрсетті. «Сәғыстың тәнірісі» деп аталатын артиллерияның әрекеті түгелдей математикалық есепке негізделген.

Сол сияқты барлық фабрика, завод, шахта, рудник, паровоз, пароход, самолет, молотилка, комбайн, трактор, автомобиль, мотоцикл, велосипед — барлығы да математикалық есептер бойынша жұмыс істейді.

Сөйтіп математика өмірдің барлық саласында да кең қолданылады. Дүниеде математикаға негізделмеген бірде-бір зат я ғылым жоқ.

Басқа ғылымдар сияқты математика да өзіндік даму дәуірін басынан кешірді. Осы күнгі математикалық есептер мен ережелер, аксиома мен теоремалар бірдеп пайда бола қойған жоқ, біртіндеп шықты.

Адам баласы алғашқыда натурал (табиғи) сандарды ғана білді. Олар мыналар: бір, екі, үш, төрт; бес т. т. Әрине, бұл сандар жеке нәрселерді санаудың нәтижесінен пайда болған. Адам баласы әуелде мүмкін үшке дейін, сонсоң онға, жүзге, мыңға дейін, сонан әрі қарай санап үйренген. Сонымен нәрселерді санау

яғни олардың мөлшерлерін сыйпаттау математикадағы ең бірінші амал.

Математика ғылымындағы ең бірінші және қажетті ұғым — сан ұғымы. Сандардың әрқайсысын таңбалау үшін тырнақты символдар (белгілер) жасау керек болды. Бұл символдарды цифр деп атайды. Сандардың аталуы мен таңбалануын санау системасы немесе номерлеу (нумерация) деп атайды.

Осы айтылған натурал сандарды немесе оң бүтін сандарды, теріс бүтін сандарды, бөлшек сандарды және нольді — барлығын біріктіріп бір сөзбен айтқанда рационал сандар деп атайды.

Сандар, бөлшектер және ноль өзінен өзі бірден пайда болған жоқ. Адам баласы көп жылдар бойы өзінің тәжірибелік өмірінде кездесетін мұқтаждықты, мысалы, қашықтықты, бір бөлек жер бетінің ауданын, дененің көлемін өлшеу, өзіне керекті пұлды есептеу үшін натурал сандарға қосу, алу, көбейту, бөлу амалдарын жүргізді. Осының нәтижесінде «жаңа сандар» пайда болды. Бірақ рационал сандар біздің барлық мұқтаждығымызды толық табады деп айтуға болмайды. Мысалы, квадраттың диагоналын рационал сандардың ешқайсысымен өрнектеуге болмайды. Рационал сандармен өрнектелмейтін бұдан басқа да толып жатқан физикалық, геометриялық шамалар көп.

Сонымен, физикалық, геометриялық шамаларды толығымен зерттеу үшін рационал сандар жеткіліксіз, олай болса тағыда «жаңа сандар» тауып, рационал сандардың өрісін кеңейту қажет болды. Бұл табылған «жаңа сандарды» иррационал сандар деп атайды. Ал рационал және иррационал сандарды бірге атағанда, нақты немесе затты сандар деп атайды. Сонымен бірге шеңбердің ұзындығы мен диаметрінің қатынасын өрнектейтін « $\pi$ » саны мен квадрат теңдеулеріне қолданылатын комплекс сандар жаталаы. Осы сандар математиканың негізі (фундаменті) болып табылады.

Натурал сандардың күнделікті кездесіп отырғанына, үйреншіктілігіне қарамастан көпшілікке белгісіз хасиеттері бар. Натурал сандардың барлық хасиеттерін зерттейтін математиканың бөлімін «сандар теориясы» немесе «жоғарғы арифметика» дейді. Бұл ғылымның есептер (проблемалары) былай қарағанда, оң-оңай сияқты, бірақ оларды шешу жолы өте қиын.



I

II

III



V

X



Жаңы алғанда сандар теориясы жөнінде, жеке алғандай жай сандардың орналасу заңын табу жөнінде өткен ғасырда өмір сүрген орыс халқының атақты математиктері П. Л. Чебышев, А. Н. Коркин, В. Н. Золотарев, А. А. Марков, Г. Ф. Вороной тамаша зерттеулер, айта қаларлықтай үлкен ғылыми еңбектер берді.

Орта мектептерде өтетін геометрияны, біздің заманымыздан үш ғасыр бұрын өмір сүрген гректің математигі Евклидтің аты бойынша, евклидтік геометрия деп атайды. Евклид өзінен бұрынғы геометрия саласынан зерттелген мәселелердің барлығын құрастырып, бір системаға келтіріп, «Негіздер» («Начала») атты кітап жазған. Евклид өзінің геометриясын бес аксиомаға (постулатқа) негіздейді.

Евклидтің бесінші постулаты көп сыңға, талқыға түсті. Өйткені бесінші постулаттың орындалуы өзінен өзі айқын көрініп тұрмады және түсініксіз болды. Математиктер екі мың жыл бойы бесінші постулатты қалған төрт постулатқа негіздеп дәлелдемекші болған, бірақ мұны ешкім де дәлелдей алмады. Қазан университетінде жыйырма жыл ректор болған, орыс халқының атақты математигі Н. И. Лобачевский ғана бұл постулатты дәлелдеген. Ол Евклидтің төрт постулатын өзгеріссіз қалдырып, оның бесінші постулатының орнына басқа постулат алып, Евклидтік геометриядан басқа геометрия құруға болатындығын тағайындап көрсеткен. Мұндай геометрияны Лобачевский геометриясы немесе евклидтік емес геометрия деп атайды. Сөйтіп, евклидтік емес геометрияның отаны — біздің ел.

XVII және XVIII ғасырларда техниканың, өндірістің дамуы физикалық шамалардың өзгеруін зерттеуді талап етті. Міне осының нәтижесінде аналитикалық геометрия, математика анализі, былайша айтқанда жоғары математика пайда болды. Бұл кез математика ғылымының «алтын ғасыры» болды. Сол кездегі механика, физика, астрономия ғылымдары математиканы «туынды», «дифференциал», «интеграл», «дифференциалдық теңдеу» деген сыяқты аса маңызды ұғымдармен байытты.

XIX ғасырдың екінші жартысында және XX ғасырда физика ғылымының және жаңа техниканың тез дамуымен байланысты, бұлардың алға қойған барлық проблемаларын шешу үшін өткен екі ғасырдағы математикалық идеялар, методтар жеткіліксіз болды. Сондықтан екі ғасырдың қалдырып кеткен ғылыми мұрасын кеңітіп, ұлғайтып, оған жаңа методтар, идеялар, зерттеулер енгізуге тура келді. Бұл зерттеулердің мақсаты — бізді қоршап тұрған жаратылыс құбылыстарының заңға сәйкестілігін сап жағынан да, сана жағынан да ашу, түсіндіру болды.

Міне, осы кезде математиканың дифференциалдық теңдеуінің сапалық теориясы шықты. Дифференциалдық теңдеулердің сапалық теориясының негізін ең бірінші құрушы орыс халқының атақты математигі А. М. Ляпунов (1857 — 1918 ж).

Қазіргі дәуірдегі физика, механика, астрономия, техника және өндірістің шапшаң дамуы математиктердің жаңа методтар мен зерттеулерді күшейтуін керек етеді. Квант физиканың тууымен байланысты, математиканың алгебраға жататын топ теориясы дейтін бір үлкен бөлім пайда болды. Аспан әлемінің мәселелерін де терең тексеру үшін жаңа методтар жасау керек болды. Ол метод — үздіксіз геометрия, топология методтары. Бұл екі пән жөнінде ғылымға көп еңбек сіңірген совет математиктері П. С. Александров пен Л. С. Понтрягин.

Қазіргі уақытта жаңа физиканың дамуымен байланысты математиканың ықтымалдықтар теориясы деген бөлімінің маңызы өте күшейіп отыр. Ықтымалдықтар теориясы жөніндегі күрделі еңбектерді совет математиктері академик С. Н. Берштейн мен академик А. Н. Колмогоров жазды.

Біздің еліміз математика ғылымының дамуы мен зерттелуі жөнінде сап жағынан да, сана жағынан да жер жүзінде бірінші орынға ие болды.

## БЛКЖО Оршалық Комитетінде

### Салтанатты уәде алудың жаңа тәртібі

Оқушы пионер қатарына өтерде Салтанатты уәде береді. Содан кейін барып ол Владимир Ильич Ленин атындағы пионер ұйымының мүшесі болып саналады және қызыл галстук пен пионер значогін тағып жүретін болады. Бұрын пионерлерден Салтанатты уәде мейрам күндері тек дружина жыйынында ғана алынатын. Жуықта БЛКЖО Орталық Комитетінің бюросы Салтанатты уәде алудың тәртібін өзгертті. БЛКЖО Орталық Комитетінің қаулысында: «Жас пионерлерден Салтанатты уәдені пионер отрядтарының кезектегі жыйынында алуға болады», делінген.

### Барлық мектептер мен балалар үйлерінде пионер дружинасы мен отряды құрылады

Кейбір мектептерде, балалар үйлерінде пионерлер саны аз. Бұл күнге дейін олар өз алдына отряд болатын да, мектепте дружина құрылмайтын. БЛКЖО Орталық Комитетінің бюросы 30 пионері бар барлық бастауыш, жетіжылдық және орта мектептерде, балалар үйлерінде пионер дружинасы құрылатын болсын, деп ұйғарды. Бұл дружинадағы отрядтар (пионерлері аз болса да) класс бойынша құрылуы тиіс.

Егер отрядтағы пионер он бестен аз болса; отряд советі сайланбайды, пионерлер отряд вожатыйларының басшылығымен жұмыс істейді.


Пионер саны 30дан аз бастауыш мектепте бір ғана отряд құрылады, мектептің барлық пионері сол отрядтың қатарында болады.

### Пионер дружиналарында қабырға газетін шығаруды тәртіпке салу туралы

БЛКЖО Орталық Комитеті жуықтағы қаулысында бір мектепте үлкен көлемді бір неше қабырға газеті шығарылып жүргенін, ол газеттер мазмұн жарынан бірін-бірі қайталап отыратындығын атап көрсетті. Кейбір мектептерде газет бір ғана баланың қолымен жазылсын деген талаптар қойылып жүр. Мұның бәрі оқушылардың көп уақытын алатындығы сөзсіз.

Сондықтан БЛКЖО Орталық Комитеті комсомол ұйымдарына мектептерде қабырға газетін шығаруды тәртіпке салуды тапсырды.

## БАТЫР ПИОНЕРГЕ ЕСКЕРТКІШ ОРНАТЫЛДЫ



Москвадағы Краснопреснь балалар паркінде батыр пионер Павлик Морозовқа жуықта ескерткіш орнатылды.

Оралда Герасимовқа деген кішкене село бар. Павлик сонда туып өсті. Герасимовқада ұйымдасқан тұңғыш пионер отрядын Павлик басқарды. Ол мектепте жақсы оқыды, көпке жағымды, кішіпейіл бала болды.

Герасимовқа шаруалары алғаш колхоз құра бастаған кез еді. Село кулактары өз шаруашылықтарының біржолата күйрейді кезі жеткендігін сезін, колхоз құрылысына мейлінше бөгет жасап бақты.

Пионер Павлик Морозов совет үкіметін, большевиктік партияны жаңтаныммен жақсы көрді. Ол совет үкіметінің шаруалар қамын жеп отырғанды, шаруашылықты біріктіру,

колхоз құру халық тілегімен туған іс екендігін ол жақсы түсіне білді. Павлик тап тартысының ауыр жылдарында Герасимовқаның адал адамдарымен бірге кулактардың арам ниет әрекеттерін әшкереледі, тап жауларына қарсы тартынбай күресті.

Өз әкесінің де кулактар тобына қосылып жүргенін сезгенде, патыз леңіншіл адал пионер Павлик оны жасырын қала алмады, халық жауларымен сыбайлас болған, туған әкесін де әшкереледі. Ол үшін қоғам мүддесі жеке қара бастың мүддесінен жоғары көрінді!

Кулактар жас пионерге қатты оштесті, 1932 жылғы сентябрьдің 3 күні Павлик жау қолынан қаза тапты. Оны қан, туыс жағынан жақын, бірақ тап жағынан дұшпан адамдар өлтірді.

Павлик Морозовтың есімі мен ерлігі халық жүрегінде сақтаулы. Герасимовқада ұйымдасқан колхоз Павликтің атымен аталады. Сондай-ақ елімізде ондаған пионер отрядтары мен пионер үйлері батыр пионердің атымен аталады. Ол туралы талай-талай кітаптар жазылды, ән шығарылды.

Орыстың ұлы жазушысы Максим Горький Павлик Морозовтың ерлігін еске ала келіп, былай деген болатын: «... Ол мәңгі есте сақталуы тиіс, бұл жас балыққа зор ескерткіш орнату лайық, зор ескерткіш орнатылсын деп сенемін».

Ұлы жазушының бұл сөзі жүзеге асты. Павлик Морозовқа ескерткіш орнатылды: астананың кең алаңының тастың үстінде қолына қызыл ту ұстап бронзалан күйылған бала тұр. Міне, М. Горький айтқан зор ескерткіш осы. Батыр пионер бүгін таңда біздің ортамызда, пионерлік салта тұрған тәрізді.

Павлик Морозовтың жарқын бейнесі жапынан өткен әрбір пионерге коммунизмнің білімді, шебер құрылышы болып өсуі, комсомолдар мен коммунистердің батыр ұрпағы болып өсуі аңсартады.



# «АҒАШ АЯҚ»

ӘНГІМЕ

Н. АНОВ, Қ. ЖАРМАҒАМБЕТОВ

Қазақтың атақты әншісі Әміре Қашаубаев 1896 жылы Қарқаралы уезінде кедей шаруаның семьясында туған. Ол 1928 жылы Қазақстанның әншісі ретінде Париждағы Бүкіл дүниежүзілік көрмеде болып, ССРО халықтары концертіне қатысып, қазақтың „Ағаш аяқ“, „Бурыл тай“ деген әндерін тамаша орындап, екінші бәйгі алды.

Әміре Қашаубаев—Қазақтың академиялық драма театрын құрушылардың бірі болды. Қазақ көркем-өнеріне көп еңбек сіңірді. Ол 1934 жылы қайтыс болды.

Төмендегі әңгіме балаларды Әміренің өмірімен таныстыру үшін жазылды.



Әміре Қашаубаев

## I



Ауыр тұрмыстың айғағы—әжімді жүзі сұрғылт тартып, сар науқастың салмағы жанышқан өлік жатыр. Ол ауыр азаптан арқасы босап, ұйықтап жатқан тәрізді.

Жас бала ешбір қорқынышсыз өлікке үңіле қарайды. Ол өлікті ұйқысынан оянар деп үміттенеді. Себи Жаңа Семейдің шығыс шетіндегі шым үйдің иесіз қалғандығын келесі күні аңғарды...

Жас бала—Әміре еді де, өлік—оның әкесі Қашаубай еді. Ақша жүзіне әжім кірген, самайын ақ шалған Тойған көшке шейін өксігін баса алмады. Есейіп қалған Фатима да жасын тыя алған жоқ. Тек қана жас Әміре көзіне жас алмастан томсарып, үнсіз отырды. Үш жетімнің ойлағаны: «енді кім от жағып, су тасып, ақша таппақ? Бізді асырайтын кім болмақ?» еді.

## II

Семейдегі сәудегерлердің бірі Исабектің үйі салтанатты болатын. Оның маңыға бару екінің бірінің кө-

лмеуі келе бермейді. Түбіміз Тарақты еді деген дәмемен Қашаубай марқұм осы Исабектің жұмысын істегелі көп жыл болып еді. Тойған Исабекті қақпа аузында ұшыратты. Исабек Тойғанның сәлемін де алған жоқ.

— Не шаруан бар? — деп, әңгімеге қатал пішіммен кірісті.

— Күйеуім өлді...

— Естігемін. Ол маған 6 сом бересі еді. Қарызымды сенен алу қыйынға түсер, — деп ойлаймын.

— Мен екі баламен қалдым ғой. Рахым етіңіз, Исеке! Әмірені қалай оқытудың амалын таппай, сізге келіп тұрмын.

— Қандай оқуға бермексің? Қандай ғалым жасамақ едің оны. Сауатты болғанда, оның қолынан не келмек? Ол адвокат бола ала ма?

Сәудегер сөзінің сықақ жағы басым жатқандығын сезді де, Тойған ыза күрсінісін көмейінде тұншықтырып:

— Екі бала кешеден аш. Не көмегіңіз бар? — деді.

— Жөнге көшкенің жайлы болар. Сенің балаңның оқу не теңі. Ол Қашаубайдан артық боламын демек-ау! Келсін, ертең жұмыс беремін.

Айына 8 сом табатын күн көрісінеп айырылып, атшы Әлжан кетті. Келесі күні күймелі шанын ат айдаушы отыратын жерінде Әміре отырды. Айығы бір сом. Сұлыға піскен екі бедеудің арыны жас балаға қорқыныш сезімін тудырғандай. Ол әлсіз саусақтарымен бозыны қайраттана ұстайды. Сын үстінде тұрғандығын да аңғарады...

### III



аң алдындағы тәтті ұйқыда жатқан Әмірені Әлпейіс қарт оятты. Жылы жабудың арасынан көзін уқалай тұрған жас баланың екі иінін ұйқы басып барады. Ол есік алдындағы қармен көзін бір сыйпап Әлпейіс қарттан сабақ ала бастады.

— Алдымен аттарды суар. Сен үйрен, мен жегейін, — деді Әлпейіс.

Шымқана оранып, қызара бөртін Исабек шыққанда, ауыздығымен арпалысқан аттар қақпа алдында жегулі тұрды. Гимназист баласы Дәулетті қасына алып, Исабек шанаға отырды да:

— Қалаға! — деді. Жуан дауыс Әміренің тәтті ойын бөліп кетті де, бозыны қағып қалды.

Әміренің ойындағы кешегі әңгіме. Кеше кешке Әміре сары түймелеріне, әдемі киіміне қызығып, Дәулеттің қасына барды. Ол екеуі кұрдас. Дәулет үлкен кітапты ашып отырып:

— Мынау Лондон, мынау Берлин, мынау Париж. Ал мынау «Эйфель мұнарасы», — деді.

— Бұлар неге керек? — деді Әміре, суреттерге кұнарта қарап. Дәулет жауап таба алмай қалды да, аз ойланш:

— Бұлар дүниенің көркі. Түсіндің бе? — деді.

— Түсіндім! — деді Әміре.

— Өскенсін мен соларды аралаймын, — деді ерке Дәулет.

— Мен де барамын! — деді Әміре.

— Сен қалай барасың? Ақшаң жоқ.

— Я, солай екен-ау, — деп Әміре күмілжіп қалды.

— Мен дүниені тандандыратын адвокат боламын. Ал, сен атшысын. Лондон, Париждарға атшы бара алмайды, — деді Дәулет мақтаныш белгісін беріп.

— Солай-ақ болсын. Бірақ сараң атшы керек болмай ма? Сен мені атшың есебінде ерте кет. Әкең сараң болды деп, сен де сараң боласың ба? Ақша бер...

### IV

ұлы толы астаудың бір басына шығып алып қос торының жалын тарап тұрып Әміре ән салады. Жас баланың нәзік үні қарт Әлпейістің жүрегін қытықтағандай.

— Сен өлеңні боларсың. Дауыңды естіген сайын менің кұлағымда татының үні, дауылды күнгі езен толқынының судыры естіледі, — дейтін Әлпейіс.

Исабектің бүгінгі қонағы атақты әнші Естай еді. Кұман ұстап таң намазына шыққан Естай, аңқорадағы

бала әніне кұлақ түрді де, аңырып тұрып қалды.

— Сен қандай ән білесің? — деді ол баланың қасына келіп.

— «Қара торғайды» жақсы көремін, — деді Әміре. Естай «Қара торғайды» тыңдап болып:

— Жасыңда бұл әнді сендей етіп жалғыз ғана Біржан салған екен. Сен әнші боласың, — деді де үйге кірді.

Әміре Естай әншінің атын естіген еді. Өзін көріп, сөзін тыңдағаннан кейін ойға кетті. Оның көз алдында үміт оты жарқ еткендей болды.

Ертенгі шайдан кейін Естай Әмірені қонақ үйге алдырды. Топ алдында домбыра ұстап, Әміре алғаш рет ән салды. Бала өперіне жұрт танданды. Бірі алғыс айтты. Бірі аяушылық сезімін білдірді. Естай жас әншіні қасына шақырып, маңдайынан сүйіп, көзіне жас алды. Тек қана Исабек мыз бақбастан отыр. Ал, Дәулет Әміреден қонақтар мейірімін де қызғанып ерні жыбырлап, іштен ғана күбірлейді.

Естай егілген көңлін тоқтатып:

— Сен «Ағаш аяқты» айтамысың? — деп сұрады.

— Оны жақсы айта алмаймын. Жақсы айтушының үлгісін көргенім жоқ, — деді Әміре.

— Шын айтасың. Нашына келтіріп айтпаса, барлық әннің де берекесі кетеді. Ал «Ағаш аяқ» аса шебер айтуды тілейді. Сен тыңда, мен айтып көрейін, — деді де Естай домбыраның кұлағын қатты бұрап, «Ағаш аяқтың» жалын ырғағын бір тартып өтті. Әміренің кұлағы домбыра үнінде, көзі Естайдың салалы саусақтарының ізін қуалап отыр. Ән ырғағы көкейіне қонғандай, бала бір күрсініп қойды.

Естай даусы шырқап кетті. Ән ырғағынан ағаш аяқты мүгедек адамның жүрек мұңы қонырлана естіледі де, оның өмір өгейлігіне арналған кейістігі ашы үндер арқылы кұлаққа келеді.

Самайдап тері тамшылап, Естай әнді қыйпалып аяқталы да:

— Мүгедек адам не рахат көреді дейсіз? Аяғы жоқ, көкірегі жалынды, көмейі үнді, сөзі өткір мүгедек көз алдыма келеді. Ол әнмен күнгірт көңлің жадыратады.

Әншінің көзінде жас, бет әлпетінде қуаныш күлкісінің белгісі тұрды. Қонақтар езу тартты. Әміренің аңғарғаны—бір-ақ түйін. Ол—әнді көмеймен айтпа, жүрегіңмен айт.

— Міне, «Ағаш аяқты» Біржан маған осылай үйреткен, — деді Естай.

Келесі күні Естайды шығарып салу қос торы мен Әміреге тапсырылды. Көктемнің жадыраңқы күні еді. Жер беті түкті кілем түріндей. Жайпаған жасыл далада жан жоқ. Аспанның ақша бұлтына тілдесіп, көк жүзінде қалықтап ұпқан қара бүркіт. Әміре қос торыны сар желіске қойып, солқылдақ фастонда Естай әңгімесін кұмарта тыңдап келеді.

(Жалғасы бар.)





БӘРІМІЗ ДЕ  
ЗНАЧОКТЫ  
БОЛАМЫЗ

— Бір күні мектебіміздің соғыс өнері ісінің оқытушысы Хамитов ағай балаларды жыйнап алды. Сонсоң ол: — Балалар, — деді, — қазір біздің елімізде ДОСАрм ұйымы ашылды. Бұл ұйымның еліміздің қуатын күшейтуде, айбынды Совет Армиясының күшін арттыруда маңызы аса зор. Осы ұйым біздің мектебімізде де ашылды. Соған бірің қалмай мүше болыңдар.

Міне, осыдан бастап мектеп оқушылары мен пионерлері мектебіміздегі ДОСАрм ұйымына мүше болды.



АЛҒЫС  
АЛДЫ

Сайлауда көп кемшіліктің беті ашылды. Жаңадан сайланған дружина советінің алдында үлкен міндет — сол кемшіліктерді болдырмау міндеті тұр. Бұл Совет председателі Садық Рахманқұловты көп ойлантырды. Ол мектеп директорымен де, класс жетекшілерімен де, комсомол комитетінің мүшелерімен де кеңесті. «Кеңеспен пішкен тоң келте болмас». Пионер ұйымының жұмысы солға қойылды.

Отрядтарда жыйын, әңгіме өткізу

Алғашқы күннен бастап-ақ ұйым жұмысын қызу жүргізе бастады.

Қазір ДОСАрм ұйымының басшылығымен балалардың шаңғы жарысы, бірігіп коньки тебу жұмыстары ұйымдастырылды. Сол сыяқты түрліше Отан қорғау үйірмелері де жұмыстарын жақсартта бастады. Әсересе, Ворошиловша жас атқыштар үйірмесі жұмысты жақсы істейді.

Мектебіміздің ДОСАрм ұйымы Совет Армиясы күніне қызу әзірленуде. Қазір Отан қорғау үйірмелері өздерінің барлық мүшелерін ГТО, БГТО значоктеріне норма тапсыруға дайындап жүр.

Совет Армиясы күніне олардың барлығы да значокті болмақ.

**Елжас БЕЙСЕНБЕКОВ,**

Талдықорған қаласы, БЛБЖО-ның 30 жылдығы атындағы қазақ орта мектебі.

белгілі уақытта болып тұрады. Олар пионерлерді қызықтырады. Мектептегі сауық көш үйірмесіне қатысатындардың тең жартысынан көбі пионерлер. Олар мереке күндерінде жаңа программалы концерт қойып тұрады. Үйірме мүшелері қалалық радиода да концерттер ұйымдастырып жүр.

Мектепте дружина пионерлерінің жыйынын жемісті етіп өткізуге Садық үлкен әзірлік жасайды. Жыйын белгілі тақырыппен өтеді.

Пионерлердің оқу үлгеруінде, көпшілік-доғам жұмысында алдыңғы қатарлы орын алып, үлгі көрсеткені үшін, жуырда мектеп жапындағы комсомол комитеті дружина советінің председателі Садық Рахманқұловқа алғыс жариялады.

**Садуақас ТЕМІРБЕКОВ,**

Шымкент қаласы, 7-қазақ орта мектебі.

## Мақтаншақтың масқара болғаны

Дөнгелегі зырылдап, өрге қарай басып, «тс, тс» деп трамвай келеді. Сабактан жаңа ғана шыққан Дәуір мен Тәкеннің анадайдан оны көзі шалды. Тәкен елең ете түсті:

— Кеттік, ал жүгірелік, деді ол. Екеуі көрші тұратын, олардың үйлері бұл арадан екі көше жерде ғана еді.

— Сермесен, қол жетерлік жерге бола, трамвайға несіне мінеміз, — деді Дәуір. Тәкен болмай, оның қолынан сүйрей жөнелді.

Белгілі жеріне трамвай да тоқтады. Дәуір вагонға кірді де жайғасты. Тәкен табалдырықта есік алдында тұтқадан ұстаған қалыпта тұр. Трамвай жылжый жөнелді.

Дәуір екі билет үшін кондукторға ақша төлейін деп жатыр еді, оны көріп келе жатқан Тәкен:

— Билетті несін аласың, одан да ол ақшаға шекілдеуік сатып алып, шаққанымыз жақсы емес пе? Әй, өзің қорқақсың ғой. Неменесін отыра қалдың! Жолдан секіріп түсе қалмаймыз ба?! — деді бір аяғын сыртқа сермеп, мені көрдің бе? дегендей.

— Жоқ, апам: «алаңғасарлық апат қылады», дейді. Трамвайдан секірген батырлық емес, дейді.

Көлденең көшеден өте бергенде, бір машина трамвай жолын кесіп өтті. Трамвай оқыс кідіріп, вагон лоқсып барып, қайта серіпті. Бұл кезде Тәкеннің аяғы тайып кетті де, белбеуі есік тұтқасына ілініп қалды. Ол сүйретіліп келеді. Әйтеуір бір қолы берік ұстаған тұтқадан айырылмады. Ә дегенше екінші қолдағы сыя сауыты қабырғаға сарт етті де бет аузына шашырап кетті, пальтосына төгілді. Дәуір оны адамдардың тасасынан көрген де жоқ. Аяғы жерге анда-санда бір тиеді. Есік жақта тұрған денелі адамның күшті қолы Тәкеннің ийығынан сарт етті де көтеріп алды.

Іле трамвай тоқтады.

— Екіншіде трамвайға былай жабыспас боларсың! Жаңа ғана досыңа мақтанып келе жатыр едің. Мә, түріңе қарашы! — деді әлгі адам айнасын ұсынып жатып. — Мақтаншақтың масқара болатыны осындайдан!

**Ж. АХМЕТОВ.**



## Оқушыларымыздың сұрауларына жауап

### „ПРОЛЕТАР“ ДЕГЕН НЕ?

Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданы  
Байылдыр бастауыш мектебінің оқушысы  
Төлеген Полатбаевтың сұрауына жауап.

«Пролетар» деген сөз латын тілінің «пролес» — қазақша айтқанда, ұрпақ, балалар деген сөзінен бірінші рет ертедегі Римда пайда болған.

Бұл сөздің туу тарихы мынадай: Ертедегі Римда мемлекетке қызмет етуді бөлісу азаматтардың қолындағы мүлкінің мөлшеріне байланысты жүргізілетін. Мысалы, бай, ауқатты адамдар әскери қызметке келгенде қару-жарағын, басқа әскерге керекті заттарын толық ала келетін. Ал өзінің тұрақты орны жоқ төменгі дәрежелілерден толық қарумен келу талап етілмеді, олар армияға жұмысшы адамдар және музыканттар беретін еді.

Бірақ төменгі таптардың арасында қолдарында ешбір мүлкі жоқ өте-өте кедейлері де бар болатын. Олар мемлекетке ақшадай емес, өздерінің балаларын беріп еңбек сіңіретін. Сондықтан «пролетар» деп сол кездегі Римдегі қолында мүлкі жоқ, бірақ құлдар қатарына жатпайтын, кедей адамдарды айтатын еді.

Ал, «пролетар» деген сөздің қазіргі мағынасы басқаша. Пролетар — капиталистік қоғамдағы өндіріс кү-

ралынан айрылған, аштан өлмеуі үшін өзінің күшін капиталистке лажсыздан жалдаған жұмысшы. Пролетарлар табы — пролетариат капиталистік қоғамда саяси правосыз, экономикалық қанауда болады. Пролетариат алдыңғы қатарлы революцияшыл тап. Сталин жолдас ағылшын жазушысы Уэлспен әңгімелескенде, байлар мен кедейлердің, езушілер мен езілушілердің арасындағы күрестің тағдырын пролетарлар табы, еңбек етушілер табы шешетіндігін атап көрсетті.

Россия пролетариаты, езілген шаруалармен тығыз одақ жасауының арқасында, большевиктер партиясының басшылығымен 1917 жылы революция жасады. Жаңа дүние орнатты. «ССР Одағындағы пролетариат мүлде жаңа тапқа, ССР Одағындағы жұмысшы табына айналды». (Сталин). Сондықтан біздің елдегі жұмысшы табын пролетариат деуге болмайды. Өйткені біздің жұмысшы тап — өкімет билігін қолына алған, өндіріс құралдарын бүкіл халықпен бірге меншік ететін, азат етілген тап, Совет қоғамын коммунизмге қарай алға бастырушы тап.

### БІРІНШІ САЛЮТ ҚАШАН БЕРІЛДІ?

Қарағанды облысы, Тельман ауданы, Токаровка орта мектебінің оқушысы Қали Әлжановтың сұрауына жауап.

Будан 6 жыл бұрын, 1943 жылы 5 август күні біздің айбынды Совет Армиясының жауынгерлері неміс-фашист армиясының Курскі доғасында жасаған сұрапыл шабуылдарын тойтарып тастап, өздері қарсы шабуылға шықты. Сөйтіп олар советтің екі қаласын — Орел мен Белгородты неміс-басқыншылардан азат етті. Совет Армиясының осы тамаша жеңісін атап көрсету үшін Отанымыздың астанасы—Москвада тұңғыш рет зеңбіректерден оқ атылып, артиллериялық салют берілді. Бұл жеңімпаз совет жауынгерлеріне Отанымыздың көрсеткен хұрметі еді.

Ал, жалпы «Салют» деген сөздің өзі француздың «салют» деген сөзінен шыққан. Салюттің қазіргі мағна-

сы сәлем беру; оқ атып, я болмаса жалау көтеріп, немесе тудың басын иіп, салтанатты түрде құттықтау.




Москвадағы салют.

### БІРІНШІ КОМБАЙНДЫ КІМ ЖӘНЕ ҚАШАН ЖАСАДЫ?

Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Луговой ауданы, қазақ орта  
мектебінің оқушысы Кәрім  
Мырзахметовтың сұрауына  
жауап

1868 жылы Патшалық Россияның «Жер және ауыл шаруашылығы департаментіне» бір өтініш келіп түсті. Өтінішті жазған Андрей Романович Власенко деген орыс адамы еді. Ол департаменттен өзінің ойлап тапқан машинасы үшін қаржы босатуды сұраған және бұл машинаның атқаратын қызметі — «астықты аңыз үстінен дән күйінде жыйнап алу» деп көрсеткен.



Өзі жүретін комбайн.

Басқаша айтқанда, Андрей Романович Власенконың бұл ойлап тапқан машинасы егінді өзі орып, өзі жыйнап, өзі бастыратын комбайн еді. Бұл дүние жүзінде тұңғыш рет жасалған комбайн болды. Өйткені дәл сол уақытқа, 1868 жылға дейін ешбір елде комбайн жасау идеясы тумаған да болатын.

Власенконың комбайны сынақ үстінде өзінің артықшылығын көрсетті. Ауыл шаруашылығын өркендету үшін аса бір маңызды машина екенін байқатты. Власенконың өз қолымен жасаған екі комбайны Бежецкі уезінде помещиктердің жерлерінің астығын жыйнау жұмысына пайдаланылды.

Бірақ парықсыз патша үкметі Власенконың комбайнына мән бермеді, оны бұдан былайда көптеп шығару ісін ұйымдастырмады. Сөйтіп Власенконың комбайны ескерусіз, ұмытылып қалыңды. Тек арада он бір жыл өткен соң ғана 1879 жылы Америкада жаңа комбайн жасалып шықты.

Біздің елімізде совет өкметі тұсында, сталиндік бесжылдықтар ішінде комбайн жасау ісі қызу қолға алынды. 1937 жылдың өзінде-ақ Совет Одағы комбайн жасап шығару жөнінен дүние жүзінде бірінші орынға ие болды. Біздің «Сталинец», «Коммунар» және «Өзі жүретін комбайндарымыз» сапасы жарынан дүние жүзінде бірінші орын алады.

Жақында Қазақтың Мемлекеттік оқу құралдар баспасы ақын Дихан Әбілевтің мектеп кітапханасына арналған өлеңдер жыйнағын басып шығарды. Бұл жыйнаққа ақынның балаларға арналған көркем сөз, жатық тілмен жазылған 23 өлеңі мен екі поэмасы кірген.

Жыйнақ «Жас азамат» деп аталады. Атына сай ондағы өлеңдер де Отанымыздың жас азаматтарын, мектеп оқушылары мен пионерлерді социалистік Отанымызды сүйуге, оған адал жүрекпен шын берілуге, етек жыйып, ес біліп, ержеткенде Отан үшін жанаямай еңбек етуге баулыды.

«Жас азамат» жыйнағының бірінші беті «Бәрінен, Отан, сен қымбат» деген тамаша өлеңмен ашылады. Ақын осы азғана өлеңінің өзінде-ақ еліміздің әрбір адал азаматына «туып өскен жердің», «Ел қорғаған ердің», «Адалдық, достық, ардың қымбат» екендігін айта келіп:

Адамзатқа дүниеде  
Өмір-ау десем ең қымбат.  
Дарқан тірлік, мекенім —  
Бәрінен, Отан, сен қымбат!

деп қортынды жасайды. Ақынның бұл сөзі өте дұрыс. Өйткені ел азаматына туған елден, өз Отанынан қымбат ешнәрсе жоқ, болмауға да тиіс. Сондықтан да ақын:

Уа, Улы Отан — тіршілік,  
Шаттығым, күнім, тынысым.  
Жолына бәрі құрбандық.  
Сенсіз күнім құрысын!  
деп толғанады.

Жыйнаққа кірген «Қазақ қызы», «Төмпешік», «Мүсілім», «Қылып», «Кер тулпар», «Күздағы жұлдыз» деген өлеңдер Улы Отан соғысы тақырыбына жазылған. Бұл өлеңдерде совет жауынгерлерінің Улы Отан соғысы майдандарында неміс-фашист басқыншыларға қарсы ерлік күрестері, батырлық бейнелері суреттеледі. Ақын солардың ерлік дәстүрін кейінгі жас ұрпақтарға үлгі етіп ұсынады.

Ал «Майданнан қайтқан жауынгер жыры», «Дала жыры», «Көктем», «Аттаныс», «Күзгі кеш», «Қырман басында» деген өлеңдерінде Улы Отан соғысынан жеңіспен қайтқан совет жауынгерлерінің сталиндік төртінші бесжылдықты мерзімінен бұрын асыра орындау жолындағы қажырлы күрестерін, ерлік еңбектерін көрсетеді.

Дихан Әбілевтің «Жас азамат» атты өлеңдер жыйнағын пионерлер мен мектеп оқушыларының қызығын оқуында сөз жоқ.



Мектеп кітапханасына арнап оқу құралдары баспасы шығарған кітаптардың бірі — ақын Әбу Сәрсенбаевтың «Туған өлке» атты өлеңдер жыйнағы. Ақын бұл еңбегін балаларға арнап солар туралы жазып, оларды Отанды сүйуге, білім-өнер үйренуге шақырған. Совет балаларының мектептен, пионер ұйымынан алған тамаша хасиеттерін жырлаған.

Жыйнақ 30 өлең мен екі дастаннан тұрады. Солардың ішінде «Улым туралы ой» дастаны оқушыға ерекше күшті әсер етеді. Ақын бұл дастанда өшпейтін сурет, бейне жасаған. Ол совет баласы мен жауынгердің бірінбірі өлімнен құтқару картинасы, өлмес етіліп жасалған ақын-өкенің өз образы.

Өзі ажалдан құтқарып алған бала туралы ақын:

«Жас өмірін  
Сақта соның  
Улың осы! —  
Деді жүрек,  
Жас ұрпағы  
Отаныңның —  
Барлығы да

Сенің улың!» — деген тамаша қортынды шығарады.

Сол сыяқты жыйнақтағы «Намыс ұлы» деп аталатын дастан да терең идеялы, әрі көркемдігі де күшті шығарма. Мұнда ақын совет баласы Темірдің партизан болып, жаудан қалай кек алғандығын көрсетеді. Оқушыны жауға Темірдей мейрімсіз болуға тәрбиелейді.

«Туған өлке» — тамаша ой мен тәтті жырдың жыйнағы.

\*\*\*

Мойнына галстук тағып, пионер қатарында тәрбиеленген қазақ баласының, лагерде дем алған оқушының талай рет әнге қосып шырқат-

қан, ұмытпастай есіне сақтаран мынадай бір өлеңі бар:

«Орман таудың арасында  
Көріңді әне, ақ шатыр.  
Онда қызыл ту ұстаған  
Біз пионер — жас батыр».

Бұл — ақын Жұмағали Саинның «Лагерь жыры» деген өлеңі. Бұл ақынның аты да, жыры да балаларға таныс, сүйікті. Ақын балаларға тағы бір татымды тарту тартты. Ол — Қазақтың Мемлекеттік оқу құралдар баспасы жуырда басып шығарған ақынның «Жас достарыма» деген өлеңдер жыйнағы.

Ақын көптеген өлеңінде біздің елдегі жас бөбектің өмірі бақытты екенін жырлап, оларды білім алуға, елге пайдалы азамат болып өсуге шақырады. Мұны ол жеткіншектерге жеңіл тілмен жеткізе айтады:

«Мектеп білім ордасы,  
Сені ұшырар уяң сол.  
Оқы, жаным саясы,  
Инженер бол, ғалым бол!»



(«Бақыт» деген өлеңінде)

Жұмағали Ленин бейнесін жас буынға үлгі етіп, Лениндей бол деп ақыл береді.

Отанды жандай сүйе, оны ерлікпен қорғау тақырыбы бұл жыйнақта көрнекті орын алған. Оның «Айқас» деген өлеңі («Досыма хат» деген поэманың үзінді) совет азаматын ел күзетінде қырағылықты бірінші құрал етуді, жауға қарсы жанқиярлықпен күресуге, сөйтіп байтақ елдің бақытын қорғауға үндейді.

Ол «Ертегі» деген өлеңінде бұрынғы замандағы бақытсыз өткен адамдарды суреттейді, өткен өмірдің мұңлы жайын айтады.

Бұл жыйнақты оқыған оқушы, пионерлер көркем тілмен жазылған ағалық ақыл, өнегелі кеңес алады.



### САНМЕН ЖАЗЫЛҒАН ДӨНГЕЛЕК

1 деп 9 ға дейінгі санды мына нүктелерге орналастыру керек. Орналастырғанда бір сан дәл орта нүктеде, ал қалғандары әр диаметрдің шетіндегі нүктеге жайғасып, әр диаметр бойындағы үш санның қосындысы 15 тен болсын.

### САҒАТТЫҢ БЕТІ

Мына сағаттың бетін 6 бөлікке бөлу керек, сонда әрбір бөліктегі сандардың қосындылары бірі-бірімен тең болсын.



### АЙ ОРАҒЫ


Мына ай орағын екі түзу сызықпен алты бөлікке бөлу керек.

Мұны қалай жасауға болады?

### ЖҰМБАҚ СУРЕТ



### РЕБУС



Шаршаған екі түлкіні төрт сызық арқылы шауып келе жатқан түлкілерге айналдыру керек.

Бұл ребустан қазақ мақалы шығады.

### Ж а у а п ш а р

«Пионер журналының 1948 жылғы 11-санында басылған есептердің шешулері.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

1. «Бұл қай сан?»  
721

2. «Жұмбақ — есеп».

$1+8=9$

$2+7=9$

сонда 9999 болады.

$3+6=9$

$4+5=9$

Мұрат Бакенов (Павлодар облысы, Баян ауыл ауданы, қазақ орта мектебі), Уәлихан Еділов (Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Бірлестік, жеті жылдық мектебі).

### М А З М Ұ Н Ы

А. Кононов — Армияның тууы (әңгіме)	1
Б. Исақов — Солдат сөзі (өлең)	2
М. Әлімбаев — Аялап алақанда (өлең)	2
А. Шәмкенов — Ішіме хат (өлең)	3
С. Омаров — Отряд мақтанышы (әңгіме)	4
Т. Ақтамов — Өмірдің даңқ (пьеса)	6
А. С. Пушкиннің 150 жылдағы алдында	10
А. С. Пушкин — Сәуегей Олег туралы жыр	10
Комсомолдың XI съезіне тартуымыз	12
Қ. П. Персидский, О. А. Жаутықов — Математика	14
БЛКЖО Орталық Комитетінде	15
Батыр пионерге ескерткіш орнатылды	16
Н. Анов — «Ағаш аяқ» (әңгіме)	17
Біздің почта	19
Білгім келеді ✓	22
Мектеп кітапханасы	23
Ойлап тап ✓	24



Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған К. Баранов.

Редколлегия мүшелері:  
Т. Абдрахманов (жауапты редактор), Ә. Бектұров, Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сарсенбаев, Ә. Сытдыков, А. М. Черкасский.  
Тех. редактор М. Н. Юровский.

Редакцияның адресі:  
г. Алма-Ата, проспект Сталина, 73.  
Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 22/II 1949 г. УГО2331  
Объем 3 п. л. Тираж 10.000

Гостипографии №3 Управления Полиграфии и Издательств при Совете Министров КазССР г. Алма-Ата, Заказ № 148





**А ҚЫЛ Ш Ы  
Т О Р Б И Н С К Я  
А Н А**

(Қайтыс болғанына 10 жыл).

Патша әйелі Марияның атындағы гимназияда оқу әдеттегісінше басталды. Класс басқаратын ханымдар, байлардың пар-пар атпен келіп жатқан қыздарына бәйік болып қошеметпен класқа кіргізіп жүр. Осылармен қабаттаса, жұпыны киінген он жасар Надя да тұңғыш рет гимназияның есігін ашты. Сабақтың да сабақ сияғы жоқ екен. Ерке шолжындарды класс ханымдары тыныштандырғанша көп уақыт өтті. Сонан кейін мұғалім кіріп, «мына жерден мына жерге шейін оқындар», деп кітап бетін көрсетті де, кластан шығып кетті. Мұғалім шығысымен қыздар үйдегі еркелігін қайта бастап шу көгерді. Кластың бұл түрі Надяның жүрегіндегі лепірген қуанышты су сепкедей басты. Ол қуаныш орнына, үйге қайғы алып қайтқандай болды. Сырты жылтыр, іші ызғарлы ол заманның гимназиясы сәбидің меселін осылай қайтарған еді. Кейіннен Надя басқа гимназияға ауысып, көп қы-

Заманымыздың ұлы ұшқышы Валерий Павлович Чкалов 1904 жылы 2 февраль күні Горький облысындағы Засилево — Слобода селосында туы. Ол 15 жасында Совет Армиясы қатарына өзі тіленіп кетеді. 1921 жылы ұшқыштар мектебіне оқуға түсіп ұшқыш мамандығын алып шығады. Чкалов 1924 жылдан 1932 жылға дейін әскери ұшқыш болады. Авиация заводында сынаушы-ұшқыш болып жүріп, жаңа жоба бойынша жалған 70 түрлі самолетті байлап, сыннан өткізеді. Бұл аса қауапты жұмысты асқан батырлықпен және ерекше шеберлікпен орындап отырғаны үшін үкметіміз оны 1935 жылы Ленин орденімен наградады.

Валерий 1936 жылы Сталиндік маршрут бойынша тамаша ұшу сапарын жасады. Сүйікті Москва қаласынан сұрапыл арктика арқылы Удвалына ұшып барды. Тұңғыш рет ысқа ұшу сапарын зор аброймен шебер аяқтағаны үшін үкметіміз Чкаловқа Совет Одағының Батыры атағын берді.

1937 жылы Чкалов көсеміміз

йыншылықтарды басынан кешіре жүріп, өте жақсы бітіріп шықты.

Надежда Константиновна Крупская оқый, үйрене жүріп өзінің бар білімін халыққа таратты. Ол кісі жас шағынан-ақ (12 жасынан) революциялық жолға түсіп, өмірінің бәрін большевиктер партиясының ісіне жұмсады. Ұлы орыс халқының зейінді, өнегелі қызы 1898 жылы Ленин тұрған Шушенскі селосына келді. Сол уақыттан бастап Владимир Ильич қайтыс болғанға шейін, Ленин екеуі өмір бойы жұбын жазбай өтті. Олардың жалпы істері де, өмірі де толығымен жұмысшы табының ісіне арналды. «Содан былайғы жерде, — деп жазды Надежда Константиновна, — менің өмірім оның (Лениннің) өмірінің ізімен өтті, мен оған жұмыста қолымнан келгенінше көмектесумен болдым».

Надежда Константиновна совет өкметі тұсында ағарту жұмысында жас буынды оқыту, оларға коммунистік тәрбие беру, пионер ұйымын нығайту, балалар бақшасын, яслиін көркейтіп гүлдендіру істеріне айрықша көңіл бөліп, сүйсіне еңбек сіңірді. Ол кісінің мұғалімдерге, комсомолецтерге, пионерлерге, оқушыларға арнап жазған ақили сөздері, ғылыми мақалалары, әдіс кеңестері алуан тақырыптарды қамтыған асыл мұра болып қалды. Жастар, балалар сүйікті анасы Надежда Константиновнаға алғыс айтумен, бұл мұраны пайдалана береді, одан қызыға үйрене береді.



**Ұ Л Ы  
Ұ Ш Қ Ы Ш**

(Туғанына 45 жыл)

Сталиннің рұқсатымен Москвадан Солтүстік полюс арқылы Америкаға ұшып барды. Бұл тамаша сапарында Чкалов Солтүстік полюс арқылы Америкаға төте ауа жолын салды.

Ол, бұл ұшу сапарын асқан батырлықпен аяқтап, дүние жүзіне совет авиациясының даңқын шығарды.

В. П. Чкалов 1938 жылы 15 декабрь күні жаңа жоба бойынша шығарылған самолетті сынау үстінде мезгілсіз қаза тапты. Ол, өмірінің соңғы минутына дейін отанына адал қызмет етті.



**А. С. Г Р И Б О Е Д О В**

(Қаза тапқанына 120 жыл).

Орыстың атақты жазушысы Александр Сергеевич Грибоедов 1795 жылы 4 январьда Москва қаласында туған.

А. С. Грибоедов жасынан айрықша зерек болып, оқуға бар жігерін салады. Ол 14 жасында Москва университетінің әдебиет факультетін, 16 жасында заң факультетін бітіреді. Бұдан соң жаратылыс-математика факультетінде оқып жүргенде, 1812 жылы қалаға Наполеон әскері кірген соң, университет жабылып қалады. Бұл кезде ол француз, неміс, ағылшын, итальян тілдерін жақсы білген.

А. С. Грибоедов бірнеше жыл әскери қызметте болып, 1816 жылы Сыртқы Істер Коллегиясына қызметке орналасады. Осы кезде ол жазушылармен танысып, әдебиетке араласады. Драматург Катенинмен бірігіп, «Студент» деген тұңғыш комедиясын жазады.

1819 — 1821 жылдары А. С. Грибоедов қызмет бабымен Персияда тұрғанда, арап, парсы тілдерін оқып үйренеді. Осы кезде «Ақыл азабы» деген атақты комедиясын жазуға кіріседі. Оны кейін Грузияға қызметке ауысқанда, 1824 жылы аяқтайды. Бірақ бұл комедияны, үстем тап — дворяндардың мінез-құлқын әшкерелейтін болғандықтан, Грибоедов көзінің тірісінде түгел бастыра алмайды. Тек 1862 жылы ғана толық басылып шығады.

1828 жылы Грибоедов Персиядағы тұрақты елші болып тағайындалады.

Сол қызметте жүргенде, Грибоедовты парсы діншілері 1829 жылы 11-февраль күні азаптап өлтіреді.

А. С. Грибоедов «Ақыл азабы» деген бір ғана комедиясымен жержүзі әдебиеті тарихында өзінің атын қалдырды.

А. С. Пушкин: «Грибоедовтың комедиясын... рахаттанып тыңдадым. Өлеңін несін айтайын, жартысы мақал-мәтелге айналғалы тұр.» деп жоғары бағалаған. «Ақыл азабы» комедиясындағы кейіпкелерді өз шығармаларында В. И. Ленин де пайдаланған.

А. С. Грибоедовты өз заманының шындығын жазғаны үшін біз ерекше бағалаймыз.

# Айлакер аңшы

